



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Қазақстан стратегиялық
зерттеулер институты



Қоғам & Дәуір

www.kaziss.kz

3/2021

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ТӨЛЕУТАЙ СҮЛЕЙМЕНОВ –
ДӘУІР ТҰЛҒАСЫ

«Жұмсақ күш» саясатын зерттеудегі
классификациялық ерекшеліктер

Ақпарат Құралдары ҚХР «Жұмсақ күш»
саясатының құралы ретінде

Қазақстанда жергілікті өзін-өзі
басқаруды дамытудың тарихи
кезеңдері және қазіргі тенденция

Қазіргі Қазақстандағы діндендіру үдерісі:
ерекшеліктер мен үрдістер

ҚХР сыртқы саясатының
трансформациясындағы «адамзат тағдырының
ортақ қауымдастығы» концепциясы

Kazakhstan's national identity in the context
of strategic partnership with Russia

Орталық Азия бойынша тарихи
әдебиеттерге шолу

Бас редактор бағаны

Сәкен Есіркеп

Назерке Жаукеева
Индира Рыстина

Бауржан
Шериязданов

Елена Бурова
Әсел Назарбетова

Олжас Бейсенбаев
Срикант Кондапалли

Жанат Мақашева
Асем Кашкинбаева

Мұрат Лаумулин

Нұр-Сұлтан

ISSN 2414-5696



9 772414 569169

03

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Индира Рыстина,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ-дің бөлім басшысы

Шығаруға жауапты:

А. Арзықұлов

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz
www.journal-kogam.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж күші берілген.

ISSN 2414-5696 (print)
ISSN 2788-5860 (online)

doi.org/10.52536/KS

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

«Надежда 2050» ЖШС баспасынан
басылып шығарылды
Көкшетау қ., Баймұқанов, 3.

Таралымы: 300 дана.

Қоғам &
Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

Төлеутай Сүлейменов – дәуір тұлғасы.....6

САЯСАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Сәкен Есіркеп

«Жұмсақ күш» саясатын зерттеудегі
классификациялық ерекшеліктер..... 8

Назерке Жаукеева, Индира Рыстина

Ақпарат құралдары ҚХР «жұмсақ күш»
саясатының құралы ретінде..... 21

Бауыржан Шериязданов

Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды
дамытудың тарихи кезеңдері және қазіргі
тенденция..... 37

Елена Бурова, Әсел Назарбетова

Қазіргі Қазақстандағы діндендіру үдерісі:
ерекшеліктер мен үрдістер..... 53

Олжас Бейсенбаев, Срикант Кондапалли

ҚХР сыртқы саясатының трансформациясындағы
«адамзат тағдырының ортақ қауымдастығы»
концепциясы 72

Жанат Мақашева, Асем Кашкинбаева

Ресеймен стратегиялық өріптестік жағдайындағы
Қазақстанның ұлттық бірегейлігі..... 95

РЕЦЕНЗИЯ

Мұрат Лаумулин

Орталық Азия бойынша тарихи әдебиеттерге
шолу.....110

СОДЕРЖАНИЕ

КОЛОНКА ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА

Төлеутай Сулейменов – личность эпохи.....6

ПОЛИТИКА И ОБЩЕСТВО

Сакен Есіркеп

Особенности классификации при исследовании
политики применения «Мягкой силы»..... 8

Назерке Жаукеева, Индира Рыстина

СМИ как инструмент политики
«Мягкой силы» КНР 22

Бауржан Шериязданов

Исторические этапы развития местного
самоуправления в Казахстане и современные
тенденции..... 37

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Пәсәндент Рәсәндент
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

Елена Бузова, Асель Назарбетова
Процесс религиозизации в современном
Казахстане: специфика и тенденции 54

Олжас Бейсенбаев, Срикант Кондапалли
Концепция «Сообщества единой судьбы
человечества» в трансформации
внешней политики КНР 73

Жанат Макашева, Асем Кашкинбаева
Национальная идентичность Казахстана
в контексте стратегического партнерства
с Россией 95

РЕЦЕНЗИЯ

Мурат Лаумулин
Обзор исторической литературы
по Центральной Азии 110

CONTENTS

EDITOR-IN-CHIEF'S COLUMN

Tuleutai Suleimenov – The personality of the epoch...6

POLITICS AND SOCIETY

Saken Yessirkep
Classification Features in the Study of «Soft power» 9

Nazerke Zhaukeyeva, Indira Rystina
Mass Media as a Tool of the PRC'S
«Soft power» Policy 22

Baurzhan Sheriyazdanov
Historical Stages and Current Trends in the
Development of Local Self-Government
in Kazakhstan 38

Elena Burova, Assel Nazarbeto
The Process of Religiolization in Modern Kazakhstan:
Specifics and Trends 55

Olzhas Beisenbayev, Srikanth Kondapalli,
The Concept of the “Community of Common Destiny
for Mankind” and the Transformation of China's
Foreign Policy 73

Zhanat Makasheva, Assem Kashkinbayeva
Kazakhstan's National Identity in the Context
of Strategic Partnership with Russia 95

REVIEW

Murat Laumulin
Review of Historical Literature on Central Asia 110

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Ерлан ҚАРИН** – Редакциялық кеңестің төрағасы,
Қазақстан Республикасы Президентінің
көмекшісі, саяси ғылымдарының кандидаты
- Индира РЫСТИНА** – Бас редактор, ҚР Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер
институты, Әлеуметтік-саяси зерттеулер
бөлімінің басшысы, Ph.D
- Алмас АРЗЫҚҰЛОВ** – редактор, ҚР Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер
институтының жетекші ғылыми қызметкері,
тарих магистрі
- Уямо ТОМОХИКО** – Хоккайдо университеті жанындағы Славян
зерттеулер орталығының профессоры
(Жапония), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – Индиана университетінің профессоры
(АҚШ), Ph.D
- Сон ЮНХУН** – Ханкук университетінің профессоры
(Оңтүстік Корея), Ph.D
- Бүркітбай АЯҒАН** – ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты
директорының орынбасары, тарих
ғылымдарының докторы, профессор
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – ҚР Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер
институты директорының орынбасары, Ph.D
- Қазбек ИСАЕВ** – ҚР Президенті жанындағы Қазақстан
стратегиялық зерттеулер институтының ғалым
хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты
- Ғани ҚАРАСАЕВ** – ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының
бөлім басшысы–бас ғылыми қызметкері, тарих
ғылымдарының докторы
- Ботагөз РАҚЫШЕВА** – «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының
директоры, әлеуметтану ғылымдарының
кандидаты
- Айгүл САДУАҚАСОВА** – Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты
директорының орынбасары, әлеуметтану
ғылымдарының докторы

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Ерлан КАРИН** – председатель Редакционного совета, помощник Президента Республики Казахстан, кандидат политических наук
- Индира РЫСТИНА** – шеф-редактор, руководитель Отдела социально-политических исследований Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Алмас АРЗИКУЛОВ** – редактор, ведущий научный сотрудник Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, магистр истории
- Уямо ТОМОХИКО** – профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D (Япония)
- Уильям ФИЕРМАН** – профессор университета Индиана, Ph.D (США)
- Сон ЮНХУН** – профессор Ханкукского университета, Ph.D (Южная Корея)
- Буркитбай АЯГАН** – заместитель директора института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук, профессор
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – заместитель директора Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Казбек ИСАЕВ** – ученый секретарь Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, кандидат исторических наук
- Гани КАРАСАЕВ** – главный научный сотрудник–начальник отдела Института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук
- Ботагоз РАКИШЕВА** – директор исследовательского института «Общественное мнение», кандидат социологических наук
- Айгуль САДВОКАСОВА** – заместитель директора Института прикладных этнополитических исследований, доктор социологических наук

THE EDITORIAL BOARD

- Yerlan KARIN** – Chairman of Editorial Board, Aide to the President of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Political Sciences
- Indira RYSTINA** – Chief Editor, Head of the Department of Social and Political Studies of Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan (KazISS), Ph.D
- Almas ARZIKULOV** – Editor, Leading research fellow of KazISS under President of Kazakhstan, Master of History
- Uyamo TOMOHIKO** – Slavic-Eurasian Research Center, University of Hokkaido (Japan), Ph.D, Professor
- William FIERMAN** – Department of Central Eurasian Studies, Indiana University Bloomington (USA), Ph.D Professor
- Song YONGHONG** – University of Hankuk, Ph.D (South Korea), Professor
- Burkitbai AYAGAN** – Deputy Director of Institute of History of State, Ministry of Education and Science of Kazakhstan, Doctor of History, Professor
- Alua ZHOLDYBALINA** – Deputy Director of KazISS under President of Kazakhstan, Doctor of Philosophy (Ph.D) in «Political science»
- Kazbek ISSAYEV** – Secretary for Research and Academic Affairs of KazISS under President of Kazakhstan, Candidate of Historical Sciences
- Gani KARASAEV** – Chief Researcher - Head of the Department of the Institute of State History of the KN of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences
- Botagoz RAKISHEVA** – Director, “Public Opinion” Research Institute, Candidate of Sociology
- Aigul SADVOKASOVA** – Deputy Director of the Institute of Applied Ethnopolitical Research, Doctor of Sociology

ТӨЛЕУТАЙ СҮЛЕЙМЕНОВ – ДӘУІР ТҰЛҒАСЫ

Қазақстандық қоғамның қалыптасуына елеулі үлес қосқан, бір дәуірдің тұлғасына айналған Егемен Қазақстанның тұңғыш Сыртқы істер министрі болып қайсар қызмет еткен Төлеутай Ысқақұлы Сүлейменов туралы редактор бағанасын бастағым келеді.



Белгілі дипломат, Қазақстан Республикасының алғашқы Сыртқы істер министрі, Төтенше және Өкілетті Елші Төлеутай Сүлейменов бүгін 80 жасқа толып отыр.

Еңбек жолын 1959 жылы Қарағанды металлургия комбинатында жұмысшы, цех шебері, кейіннен комсомол комитетінің хатшысы болып бастаған Төлеутай Сүлейменов еш уақытта дипломат боламын деп ойламағанын айтады. Аталған комбинатта он жыл қызмет етіп, кейіннен 1971 жылдан 1977 жылға дейін Теміртау қалалық атқару комитетінде жұмыс істейді.

Дипломатиялық қызметтегі алғашқы қадамдары 1977 жылы басталды. Сол жылы КСРО Сыртқы істер министрлігінің Дипломатия академиясының тыңдаушысы болып, 1980 жылдан 1981 жылға дейін КСРО СҚМ-нің Орта Шығыс елдері бөлімінің бірінші хатшысы болады. 1981 жылдан 1985 жылға дейін Ауғанстандағы КСРО Бас өкілдігінің Мазари-Шариф қаласындағы консулы, 1985-1988 жылдар аралығында КСРО СҚМ-нің Орта Шығыс елдері бөлімінің кеңесшісі, 1988-1991 жылдары Ирандағы КСРО елшілігінің Кеңесшісі болады. Қазақстан Республиканың Сыртқы істер министрі болып 1991 жылы тағайындалады.

1991 жылы Төлеутай Сүлейменов тәжірибесі мол дипломат еді. КСРО Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық академиясын тәмамдап, одақтық сыртқы саясат бөлімінің орталық аппаратында, шетелдегі Ауғанстан мен Ирандағы елшіліктерде қызмет етті. Тегеранда қызмет етіп жүрген кезінде Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялағанын күнін қарсы алды. Дәл сол кезде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың шақыртуымен Төлеутай Сүлейменов отандық сыртқы істер саясатына келеді.

Төлеутай Сүлейменов Сыртқы істер министрлігін 1991-1994 жылдары арасында басқарды. Дәл осы кезеңде жас мемлекет үшін

Қазақстанды халықаралық қоғамдастықтың толыққанды мүшесі ретінде мақұлдаған маңызды сыртқы саяси оқиғалар орын алды. Әлем біздің елімізді бейбітшілік бағытын ұстанған, ынтымақтастыққа ашық, демократиялық қоғам құрушы мемлекет ретінде таныды.

Сыртқы істер министрлігінің басшысы лауазымын жемісті аяқтағаннан кейін де Төлеутай Сүлейменов дипломатия саласындағы қызметін әрі қарай табысты жалғап кете берді. 1994 жылдан бастап елшілік қызметте болып, 1994-1996 жылдары Қазақстанның АҚШ-тағы, 1996-2001 жылдары Венгриядағы, 2001-2003 жылдары Бельгиядағы, 2003 жылдың мамыр-шілде айлары аралығында Люксембург, Голландиядағы, 2003-2005 жылдары Польшадағы төтенше және өкілетті елшісі болды.

Ал тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тағы бір маңызды оқиға - Семей ядролық полигонының жабылуы, Қазақстанның ядролық арсеналдан бас тартуы. Төлеутай Ысқақұлы бұл жұмысы Сыртқы істер министрі ретінде ғана емес (сонымен қатар ол ядролық зарядтарды жою, полигонды бөлшектеу бойынша көптеген мәселелерді шешу мүмкіндігіне ие болды), сонымен қатар қарапайым адам ретінде де қатты әсер етті.

Сыртқы саясатты қалыптастыруда шешуші рөл сол кезде Елбасына тиесілі еді, ал бұл саясатты іске асыру қазірдің өзінде министрліктің міндеті. Әлем елдерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнату, халықаралық аренада өздерін бекіту, шетелдік инвесторларды белсенді түрде тарту және тағы басқа дипломатиялық тәсілдерді енгізіп келеді.

2003 жылдан бастап Төлеутай Ысқақұлы Қазақстанның Солтүстік Атлантика шарты ұйымындағы өкілдігінде атқарушы басшы қызметін атқарды. Ал 2005 жылдан бастап ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы дипломатия институтының директоры лауазымына тағайындалды.

Төлеутай Сүлейменов тәуелсіз Қазақстанның дипломатиясын табысты қалыптастырған, сыртқы саясатта жемісті қызмет етті. Әрі егемен, топырағы бүтін Қазақстан Республикасының алғашқы сыртқы істер министрі болып тарихта дәуір тұлғасы ретінде қалды. Өлшеусіз еңбегі еленіп, III дәрежелі «Барыс» орденімен, Ресейдің «Достық» орденімен, «ҚР дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағымен және басқа да шетелді және отындық ордендермен марапатталды.

2020 жылдың желтоқсан айында Т.Ы. Сүлейменов Қазақстан Республикасының ғылым және техника саласындағы әл-Фараби атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері жоғары атағымен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Президенті жаңындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты атынан Төлеутай Ысқақұлын 80-жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, шаңырағыңызға аман-саулық пен бақыт, бойыңызға рухани күш-қуат, шығармашылық белсенділік пен табысты еңбек тілейміз!

Сәкен Есіркеп

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Саясаттану кафедрасының PhD докторанты
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: sakenyessirkep1985@gmail.com*

«ЖҰМСАҚ КҮШ» САЯСАТЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ КЛАССИФИКАЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аңдатпа. Мақалада «жұмсақ күш» саясатына қатысты әлемде жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстары талданып, авторлардың осы тақырыптың зерттелу деңгейіне қатысты классификациялау әдістері салыстырмалы зерттелген. Автор түрлі ғалымдардың өз зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында осыған дейін аталған тақырыпта зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектерін, зерттеу нысанын қандай ерекшеліктер бойынша жіктегеніне талдау жүргізген. Мақалада салыстыра отырып баяндалған классификациялық талдау әдістерін саяси ғылымдағы өзге де тақырыптарды зерттеу кезінде қолдануға болады деп тұжырымдауға болады. Сондай-ақ, осы мақалада «жұмсақ күш» саясатына қатысты жүргізілген негізгі фундаменталды еңбектерге, олардың негізгі ерекшеліктеріне тоқталған.

Түйін сөздер: жұмсақ күш, классификация, ғалымдар, диссертация, теория.

Сәкен Есіркеп ОСОБЕННОСТИ КЛАССИФИКАЦИИ ПРИ ИССЛЕДОВАНИИ ПОЛИТИКИ ПРИМЕНЕНИЯ «МЯГКОЙ СИЛЫ»

Аннотация. В статье анализируются академические исследования «мягкой силы», сравниваются методы классификации работ проведенных в данной области исследователями. Автором изучено как и на основании каких критериев исследователи классифицировали предыдущие исследования и их объекты. Сравнительно описанные в статье методы классификации могут быть применены при изучении других предметов политологии. Кроме того, автором в статье рассмотрены ряд фундаментальных работ по данной теме и их основные особенности.

Ключевые слова: мягкая сила, классификация, ученые, диссертация, теория.

Saken Yessirkep

CLASSIFICATION FEATURES IN THE STUDY OF «SOFT POWER»

Abstract. The paper analysis academic studies on soft power and comparatively examines researchers' methods of classification the literature on this area. Author examined how and relying what kind of criteria researchers classified previous studies and their research objects. Comparatively described classification methods in the paper can be helpful for exploration other political science subjects. In addition, paper considered pioneer works on this subject and their core distinctions.

Keywords: *soft power, classification, researchers, dissertation, theory.*

Кіріспе

Саяси ғылымда «жұмсақ күш» теориясы 1990 жылдары америкалық сарапшы, әйгілі Гарвард университетінің профессоры Кіші Джозеф Найдның қолдануымен алғаш рет пайда болғанымен, ол ұсынған «күш қолдай мақсатқа жету» идеясы бірнеше ғасыр бұрын да әр түрлі мемлекеттерде, белгілі философтардың еңбектері мен саяси қайраткерлердің стратегиясында болғанын айта кетуіміз тиіс. Осы идеялар мен еңбектер әлі де тыңғылықты зерттеуді, «жұмсақ күш» теориясының алғышартына айналған идеялар мен стратегиялар әділ бағалауды, теорияны қолдаушы, толықтырушы және жоққа шығарушы тұжырымдамалар салыстырмалы түрде зерттеуді қажет етеді.

Сондай-ақ, авторлар өз зерттеуін жүргізер алдында осы тақырыпта бұрын жүргізілген зерттеу жұмыстарына тоқталып өткен. Алайда тақырыптың зерттелу деңгейіне қатысты таңдап алған классификациялау әдістері әр түрлі.

Бір ғалым зерттеушілерді, еңбектерді олардың географиялық ерекшеліктеріне қатысты жіктесе, екінші бірі саяси мектептердің өкілдері ретінде топтастырған. Ал кейбірі тақырыпқа қатысты авторлардың сыни ұстанымдарын негізге ала отырып жіктеген. Бұл мақалада аталған еңбектердің ерекшеліктері салыстырмалы түрде сарапталды.

Ғылыми зерттеудің әдіснамасы

Осы ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу барысында «жұмсақ күш» саясаты тақырыбына қатысты жазылған зерттеу жұмыстары

бойынша салыстырмалы зерттеу әдісі қолданылды. Әсіресе олардың осы тақырыптың зерттелу деңгейіне қатысты материалдарды классификациялау қағидалары, сондай-ақ осы салада жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі ерекшеліктері өзара салыстырмалы түрде сараланды.

Негізгі бөлім

Мемлекет келешегінің жарқын болуы тек оның қорғаныс қабілетіне, қарулы қақтығыстарда ұпайы түгел шығуына, айбынды әскер қалыптастыру сынды шарттардан ғана тұрмайды. ХХІ ғасырда әскердің, қару қақтығыстардың тактикасы өзгергенін, мемлекеттің өзге елден бәсі биік, ықпалы зор болуы оның әскери күшінен бөлек, дипломатиялық қарым-қатынасына, өзгелерге ықпал ете алатын «жұмсақ күшіне» де байланысты.

Адамзат тарихына көз жүгіртсек қиян-кескі соғыстар мен қарулы қақтығыстар сериясынан көз сүрінеді. Оны аймақтық, өңірлік және жаһандық деңгейдегі ықпалы мен зардабы, тарихи орны бойынша түрлі санаттарға бөліп қарастыруға болады. Мынжылдықтарға созылған қарулы-қақтығыстар дәуірі ХХ ғасырдың соңына қарай мәдени экспансия, түрлі балама құралдар арқылы өзге мемлекеттерге ықпал ету саясатына ауыса бастады. Ендеше осы мәселе жөнінде, яғни әлемдегі қару қолданбай жеңіске жету немесе үстемдікке ие болу саясатына қатысты мәселелерге қысқаша тоқтала кетейік.

«Жұмсақ күш» саясаты тақырыбын зерттеуші негізгі авторлар мен саяси мектептер

Жалпы «күш» ұғымының анықтамасы, оның саясаттағы, тарихтағы рөлі жайлы жазбалар, көзқарастар ерте замандарға дейін кетеді. Мысалы ежелгі қытай ойшылы Сун Цзы соғыс өнеріне қатысты стратагемасында «соғыспай жеңген билеуші ең мықты билеуші» екенін айтады. Ол күш қолданбай-ақ түрлі амал-айлалар арқылы дұшпанды өзіңе тәуелді ету жолын қолдану қажеттігі жайлы жазады.

Ал ежелгі грек тарихшысы, философ, әйгілі Пелопоннес соғыстары туралы жазған Фукидид «күш» ұғымының саясатта үлкен рөл ойнайтынын, қашанда күштінің әлсізді жеңетіні аксиома екенін алға тартады.

Ал саяси мектептер арасында өзіндік қолтаңбасы бар классикалық реализм бағытының өкілдері (Кеннет Уолц, Роберт Джервис,

Джон Миршаймер, Роберт Гилпин т.б.) «күш» ұғымына ерекше тоқталып, оның мемлекеттің бар болуында, елдер арасын-дағы қатынаста маңызды рөл ойнайтын құрал екендігін алға тартады. Бұл бағытты ұстанушылардың ойынша адамның табиғаты үстем болуға, күшті болуға негізделген. Адамдар жеке дара басымдыққа жете алмаған жағдайда өзге мүдделестермен бірігу, яғни коалиция құру арқылы өз мақсатына жетуді көздейді.

Ал неореализм теориясының өкілдері «күш» ұғымын тек қару-жарақ, қара күш қолдану түсінігімен шектемей, ықпал етудің экономикалық қысым жасау, қарсыласын өзіне қаржылық тәуелді ету сынды қырлары бар екенін жазады.

Ал халықаралық қатынастардағы либерализм саяси мектебінің өкілдері бұл мәселеге қатысты гуманистік сипатта жауап беріп, елдер арасындағы түсініспеушілік, кикілжіңдерді өзара келіссөздер, татулық саясаты арқылы шешуге болатынын және оның адамзат игілігі үшін тиімді жол екенін жазады. Либерализм мектебінің өкілдері либералдық құндылықтар мемлекеттер адамдар арасында үстемдікке ие болатынын, болашақта осы арқылы соғыссыз да үлгілі орта қалыптасатынын алға тартады.

Өткен ғасырдың соңында жарыққа шыққан конструктивизм саяси мектебінің өкілдері орын алған қақтығыстардың түбірін зерттеу, олардың түпкі мүдделері мен болмысын айқындау арқылы қалыптасқан проблеманы күштің көмегінсіз-ақ шешуге болатынын айтады.

Енді осы тақырыпта қалам тартқан жекелеген авторларға тоқталсақ. Әйгілі Италия философы Антонио Грамши өзінің «Түрме дәптерлері» еңбегінде үстемдікке маневрлық және позициялық соғыс арқылы, яғни интеллектуалдық және мәдени соғыс арқылы жетуге болатынын жазады. Оның ілімі Маркстік идеяларға, тұжырымдарға қарсы пайда болды деуге де болады.

Өйткені Маркстік ілім де жұмысшы тап өкілдерінің өзге санаттағы адамдар топтарынынан үстемдікке ие болатынын, түбінде әлемдік төңкеріс арқылы коммунизм идеясының орнығатынына негізделген болатын. Сондықтан осы екі автор өзара баламалы ой айтумен де ерекшеленеді.

XX ғасырдың 90 жылдары АҚШ-тағы әйгілі Гарвард университетінің профессоры кіші Джозеф Най «жұмсақ күш» саясаты жайлы өз теориясын ұсынды. Оның пікірінше күш қолданбауға негізделген, яғни басқаларды өзіне тарта білу, дұрыс, тартымды

жүйе, модель қалыптастыру арқылы өзгелерді өзіне жақындатудың, оларға ықпал ету құралдарын пайдаланудың мол мүмкіндігі бар және ол жаңа заманның сұранысына жауап беретін жақсы әдіс. Мұндай идеяны қытайдың атақты ойшылы, соғыс өнері туралы маңызды стратагеманың авторы Сун Цзы да жазып кеткенін айта кеткен жөн.

Джозеф Най «жұмсақ күштің» өзгелермен тату байланыс, өзгелерге ұнайтын, тартымды мәдени құндылықтар мен институттарға негізделетінін алға тартады. Осы арқылы өзің қалаған әлеуетті ортамен екіжақты тиімді жобаларды жүзеге асырып, ортақ серіктестік жүйесін орнатуға болады. Ортақ жобалар міндетті түрде оны ұсынушы, «тартымды тараптың» мүддесінен туындайтыны айтпаса да түсінікті. Бұл Джозеф Най ұсынған «өзің қалағанды өзгелерге қалата білу өнеріне» келіп саяды.

Джозеф Най 2013 жылы жариялаған «Жұмсақ күш» және Америка-Еуропа қатынастары» (Soft power and European-American affairs) атты мақаласында «Қызықтыру қашанда мәжбүрлеуден тиімдірек. Ал демократия, адам құқықтары және жеке мүмкіндіктер аса қызықтырушы тартылыс нүктесі. Егер саясатта тәкаппарлық пен екіжүзділік байқалса теріс бұрылып, жиіркеніш сезімін туғызуы мүмкін» екенін айтып, «жұмсақ күш» саясатын жүргізуде барынша сақ болудың маңыздылығына тоқталады [1].

Осы аталған теориялық көзқарастар нақты саясатта да жүзеге асып жатқанын халықаралық қатынастар саласынан байқауға болады. Ендігі уақытта өзге мемлекеттер ықпал етудің түрлі ресурстық шығыны көп, тұрпайы, өркениеттегі әлемдегі адамзат баласы қабылдай бермейтін қарулы қақтығыс, агрессиялық саясат сияқты түрлерінен бас тартып, мәдениет, саясат, туризм, кино индустриясы, экономикалық құралдар, некелесу және құндылықтар тартылысы тұрғысынан ықпалды күшке ие болу арқылы өз саясатын жүзеге асыруға ден қоюда.

Соңғы бес жылда әлемдік «жұмсақ күш» саясатындағы ең ықпалды мемлекеттердің үздік отыздығының индексын жасау дәстүрге айналған. Үздіктерді таңдауда мемлекеттердің білім беру жүйесінің өркендеуі, ол елге шет мемлекеттерден келетін білім алушылар санының көптігі, олардың ықпалды орындарда қызмет етуі, мәдениетінің, оның ішінде кино өнері, тілдік ықпалы, халықтың салт-санасының және музыкасының тартымдылығы, диджитал, IT саласының дамуы, технологиялық прогресс, басқару жүйесінің

ықпалдылығы, оның өзге ел халқы үшін үлгі етерлік сипатта болуы, отбасы құру, яғни сол ұлттың өкілдеріне үйленетін немесе тұрмысқа шығатын өзге ел азаматтарының көп болуы, кәсіпорындардың бәсекеге қабілетті, жаһан жұрты тұтынатын сапалы өнім дайындауы сияқты параметрлер есепке алынады.

2008 жылы Лондондағы Брунель университетінің зерттеушісі Ин Фань Джозеф Найдың 2004 жылғы бір мақаласын зерделеп, оның идеяларындағы қарама-қайшылықтар мен кемшіліктер туралы жазады. Ол Найдың «жұмсақ күш» ұғымына берген әр мақаладағы анықтамаларын салыстырып, бірін бірі жоққа шығаратын, күрмеулі жерлеріне тоқталады [2].

Америка зерттеушісі Дженис Маттерн де Найдың ұсынған «жұмсақ күш» теориясына қарсы шығып, оның «жұмсақтығына» күмән келтіреді. Ол «жұмсақ күш» идеясының тек жарнамасы кең тарап кеткен идея екенін, ешқандай да жаңашылдықтың жоқ екенін айтады. Өйткені өзгені өзіңе тартымды қылу үшін, алдымен өзіңдікін қалыптастырасың. Ол жерде әрине ең бірінші мәселенің бірі күшке келіп тіреледі. Сондықтан «идеал қоғам» туралы ұсыныс айтудың астарында күш қолдану механизмін де іске қосу туралы ой жатқанын айтады.

Ал Британ теоретигі Стивен Лукес болса, Найдың «жұмсақ күш» теориясын піспеген, шикі идея екенін алға тартады. Мысал ретінде теориядағы «тартымды болу» мен «көндіре білу» идеяларының концептуалдық ерекшелігін ашып жазбағанын айтады.

Ресейлік автор Елена Борисова «Soft Power, мягкая сила, мягкая власть. Междисциплинарный анализ» деп аталатын ұжымдық еңбегінде «жұмсақ күш» саясатының шығу төркініне, бүгінде әлемде оның жүзеге асырылу механизмдеріне жеке-жеке тоқталады. Бұл еңбекті «жұмсақ күш» ұғымы туралы жазылған жүйелі академиялық зерттеу деп бағалауға болады. Монографияда жұмсақ күш саясатының маңызды деген әрбір құралына жеке тақырып арналып, оны жеке автор зерттеп, жазып шыққан. Еңбекте жұмсақ күш теориясының шығу тарихы, оның құралдары, әлемдегі түрлі мысалдары салыстырыла отырып жазылған.

Авторлар – саясаттану және халықаралық қатынастар, семиотика және лингвистика саласының мамандары «жұмсақ күш» проблемасына өзіндік көзқарастарын ұсынған. Сондай-ақ, осыған байланысты өз салаларында қалыптасқан идеялармен

бөліседі. Бірқатар жұмыстарда бірқатар елдердегі саяси процестерді сипаттауға жаңа тұжырымдаманы қолдану әрекеттері бар.

Кітапта әлем елдерінің жұмсақ күш саясатын қолданудағы оң тәжірибесін Ресейдің де қолдануы қажеттігіне тоқталған. Автор Ресейдің тек ішкі саясатта үкіметтік емес ұйымдарды қолдайтыны, ендігі кезекте өзге елдердегі азаматтық қоғам институттарына қолдау көрсетуге көңіл бөлу керектігі жөнінде, осы арқылы ықпал қалыптастыруға болатынын жазған.

Мен теориялық бөлімде көбінесе Джозеф Найдың идеясын сынаушылар жайлы жазып өттім. Бұл бағытта жазылған еңбектер өте көп. Алдағы уақытта оларды негізгі екі топқа бөлуді жоспарлап отырмын. Біріншісі теорияны, идеяны жоққа шығарушылар, екіншілері жоққа шығармаса да кемшілігі бар екенін айтып, оны дамытуға, түзетуге атсалысқандар.

«Жұмсақ күш» саясатын зерттеушілерді классификациялау әдістері.

Саяси ғылымда, халықаралық қатынастар саласында зерттелген өзге де тақырыптар секілді «жұмсақ күш» саясаты туралы зерттеуші ғалымдар тақырыптың зерттелу деңгейін, авторлар мен еңбектерді жіктеуге келгенде әр түрлі тәсілді ұсынады. Осы мақаланы жазу барысында Қазақстан, Ресей және Түркияда осы тақырыпта қорғалған диссертациялық жұмыстар негізге алынды.

Зерттеушілердің бір бөлігі тақырыптың зерттелу деңгейін географиялық ерекшелікке сай жіктеуді дұрыс деп санаған. Мысалы 2014 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында докторлық дәреже алу мақсатында қорғалған Казбекова Даржан Сериковнаның «Германия Федеративтік Республикасы мен Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы жария дипломатия» атты диссертациялық жұмысында ең әуелі тақырыптың теориялық аспектілеріне көңіл бөлініп, осы салада еңбек еткен негізгі авторларға тоқталған. Екінші болып неміс ғалымдарының, үшінші кезекте посткеңестік кеңістіктегі авторлардың, төртінші болып қазақстандық зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалған [3].

Ал Түркия Республикасында қорғалған Кадыр Санжак атты автордың «Жұмсақ күш» сыртқы саясаттағы ықпал құралы ретінде: Түркияның жұмсақ күшіне талдау және Әзербайжанға

қатысты жұмсақ күш саясатын зерделеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында «жұмсақ күш» саясатының термин ретінде пайда болғанына дейінгі идеялық тұрғыдан қандай авторлардың еңбектерінде айтылғанына назар аударылған. Ол Сун Цзының «Соғыс өнерін», Шумер жазбаларындағы мәдени ықпал ету концепцияларын, Фукидидтің философиялық ойларын, Ибн Халдунның, Николо Макиавеллидің, Антонио Грамшидің ойларынан «жұмсақ күш» саясатына қатысты пікірлерді мысалға келтіреді және оларды «жұмсақ күш» теориясының алдыңғы авторлары ретінде сипаттайды.

Диссертацияда «жұмсақ күш» теориясына қатысты саяси-теориялық мектептердің көзқарастары жеке-жеке талданған. Мысалы бұл жөнінде реализм және неореализм мектеп өкілдері қандай ой айтқан, либерализм және неолиберализм өкілдері қандай пікірлер айтады, конструктивизм өкілдері бұған не дейді деген сияқты тармақтарға бөліп көрсеткен.

Сонымен қатар, жұмсақ күштің құралдары саналатын мәдениет, тіл, дін, кино өнері сияқты мәселелерге қатысты жазылған зерттеулерді жеке-жеке қарастырып, оның осы диссертацияға қатысты ойларын ортаға салған [4].

2017 жылы Түркия мемлекетінің Стамбул университетінде Халықаралық қатынастар мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғаған отандасымыз Мақпал Аңламасова «Халықаралық қатынастарда жұмсақ күштің қолданылуы және Ресейдің жұмсақ күш құралдары» атты еңбегінде ең бірінші «жұмсақ күш» терминінің авторы Джозеф Найддың мақалалары мен кітаптарында жазылған теориялық көзқарасқа тоқталған. Екіншіден – «күш» ұғымына, оның түрлеріне қатысты энциклопедиялық анықтамаларға тоқталса, үшінші болып «жұмсақ күш» терминіне қатысты түркиялық авторлардың көзқарастары талданған. Ал төртіншіден – күш, ықпал ету мәселелеріне қатысты саяси реализм, классикалық реализм, неореализм, либерализм, конструктивизм мектептерінің өкілдері айтқан пікірлерге талдау жасалған [5].

2016 жылы Мәскеуде қорғалған Рустамова Лейлидің «Қазіргі Германияның сыртқы саясатындағы «жұмсақ күш» тақырыбындағы кандидаттық диссертация жұмысында ең әуелі «жұмсақ күш» теориясының авторы Джозеф Найддың пікірі жеке

қарастырылған. Екіншіден осы терминді қолдаушылар мен оған қарсы шыққан шетелдік ғалымдардың пікірталастарына талдау жасалған. Үшіншіден «жұмсақ күш» саясатына қатысты жазылған шетелдік және ресейлік ірі еңбектерге тоқталып, олардың қайсылары осы теорияны қуаттауда маңызды рөл ойнайтынын талдаған. Төртіншіден бірқатар ірі мемлекеттің (Германия, АҚШ, Ресей, Еуропаның өзге елдері) авторларына тоқталған [6].

Ал Инь Жуюй атты зерттеушінің «Қытай мен Ресейдің ХХІ ғасырдың басында сыртқы саясатында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұмсақ күш саясатын іске асыруы» атты кандидаттық диссертациясында осы тақырып бойынша зерттеу жүргізген авторлар тобын АҚШ, Еуропа, Ресей және Қытай зерттеушілері ретінде топ-топқа бөліп, географиялық тұрғыдан қарастырған. Диссертацияда осы тақырыпта жазылған ғылыми еңбектермен қатар пәнаралық салалар бойынша жазылған еңбектерге тоқталып, оның осы диссертациялық жұмыстың нысанын ашудағы рөліне тоқталған [7].

Сюн Лэпиннің «Жоғары білім Ресей мен Қытайдың «жұмсақ күш» құралы ретінде» атты кандидаттық диссертациясында ең бірінші «жұмсақ күш» теориясының авторы Джозеф Найдның еңбектеріне қысқаша шолу жасаған. Екіншіден – осы теорияға қарсы шыққан, оны сынаған және осы теорияны қолдап, оны одан әрі дамытқан авторлардың еңбектерін жеке-жеке талдаған. Олардың пікірдегі алшақтығы мен келтірілген дәлелдемелеріне салыстырмалы талдау жүргізген.

Автор осы зерттеушілерден кейін Ресей мен Қытайдағы «жұмсақ күш» теориясын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне тереңірек тоқталған. Оларды шартты түрде бес бөлікке бөлген. Атап айтқанда:

1. «Жұмсақ күшті» теориялық тұрғыдан зерттеушілер.
2. Ресейдің «жұмсақ күш» әлеуеті мен оны қолдану туралы жазғандар.
3. Қытайдың «жұмсақ күш» саясатын зерттеушілер тобы.
4. Қытай мен Ресейдегі білім, мәдениет және тілді «жұмсақ күш» саясатының құралы ретінде санаушылар тобы.
5. Әр түрлі елдердегі «жұмсақ күш» саясатына салыстырмалы талдау жасаушы сарапшылар тобы.

Байқағандарыңыздай Сюн Лэпиннің өз тақырыбының зерттелу деңгейіне қатысты пайдаланған әдісі, авторларды жіктеу жолы өзгелерге қарағанда айрықша мәнге ие [8].

Кутенёв Владимир Владимирович жазған «Еуразиялық

интеграция институттары Ресейдің «жұмсақ күш» құралдары ретінде» атты кандидаттық диссертациясында тақырып бойынша теориялық мектеп өкілдерінің еңбектеріне шолу жасаудан басталған. Атап айтқанда реализм, мен неореализм, либерализм және неолиберализм мектептерінің «жұмсақ күш» тақырыбына қатысты ойлары сараланған. Екінші «жұмсақ күш» теориясының авторы ретінде Джозеф Найдың еңбектері талданған. Үшіншіден осы тақырыпқа қатысты ресейлік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалған [9].

Келесі зерттеуші Сергеев Станислав Олеговичтің «Ғылым жұмсақ күш факторы ретінде» атты кандидаттық диссертация жұмысында автор «жұмсақ күш» теориясының авторы Джозеф Найдың еңбектерін талдаудан бастаған өз жұмысын. Екіншіден Мишель Фуко, Жан Бодрийяр, Юрген Хабермас сынды классикалық теоретиктердің еңбектеріне тоқталған. Олардың философиялық ойларын «жұмсақ күш» теориясының әуелгі прототипі ретінде бейнелеу әрекеті байқалады. Үшіншіден жұмсақ күш саясатына қатысты ресейлік зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасалған [10].

Қорытынды бөлім және ұсыныстар

«Жұмсақ күш» саясатына қатысты академиялық зерттеу жұмыстары әлемнің әрбір мемлекетінде жазылып келеді. Осы мақалада бірқатар ғылыми зерттеудегі тақырыптың зерттелу деңгейін классификациялау әдістеріне шолу жасалды. Мақаладан байқағандарыңыздай кейбір автор өзіне дейінгі тиісті тақырып төңірегінде зерттелген еңбектерді географиялық ерекшелігіне орай бөлсе, кейбір автор еңбектерді теориялық саяси мектептер бойынша жіктеуді жөн көреді.

Сондай-ақ, «жұмсақ күш» теориясын зерттеген кейбір авторлар өзіне дейінгі зерттеушілерді аталған теорияға қатысты көзқарастарына сәйкес классификациялаған. Мысалы бірінші топ авторлар теорияға қарсы шыққандар, екінші топ авторлар теорияны қолдаушылар болған. Ал үшінші топ авторларға теорияны қолдаса да оны ішінара толықтыруды ұсынушылар енгізілсе, төртінші топқа теорияға қарсы шыққанымен оның тиімді жақтарын да мойындаушы зерттеушілер таңдап алынған.

Кеңес Одағының тарағанына 30 жыл толса да әлі күнге бұрынғы одақтас елдердің зерттеушілері посткеңестік кеңістіктің авторларын жеке қарастыруды жөн санайды. Мұны еліміз бен

ТМД мемлекеттерінде қорғалған диссертациялардың көпшілігінен байқауға болады. Сондықтан бұл үрдістен арылатын кез келді деп тұжырымдауға болады.

Тағы бір назар аударарлық мәселе классификациялауды тақырыптың мазмұнына қатысты да таңдауға болады. Мысалы бүгінгі мақалада алынған тақырып «жұмсақ күш» саясаты болғандықтан бұл теорияға қатысты көзқарастарды мазмұнына қатысты жіктеу қолайлы. Сондай-ақ, мұны бұрыннан қалыптасқан түрлі саяси мектептер бойынша да классификациялауға болады. Ал кейбір тақырыптарды географиялық ерекшелікке байланысты да қарастырған орынды. Мысалы Таяу Шығыстағы жанжалдарға қатысты түрлі зерттеуші ғалымдардың географиялық ерекшеліктеріне байланысты жіктеп қарастыруға болады. Оның ішінде Таяу Шығыстың өзіндегі, еуропалық зерттеушілердің, АҚШ, араб зерттеушілерінің, Түркия мен Ресей т.б. ғалымдарының еңбектерін жеке топтастырып қарастыру арқылы қалыптасқан жағдайға жан-жақты баға беруге болады.

Қорыта келгенде, ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбына, мазмұнына және оның зерттелу деңгейіне қатысты ол салада бұрын жүргізілген зерттеу еңбектерін жіктеуде автор дербес таңдау құқығына ие. Алайда авторларды топтастырған кезде оларды айқын мазмұндық ерекшеліктері бойынша таңдап алудың маңызы зор. Егер авторларды географиялық ерекшелігі бойынша ғана топтастырып, бірақ олардың бір-бірінен концептуалдық айырмашылығын айқын аша алмайтын болсақ бұл әдістің тиімділігі күмән туғызады. Сондықтан бұрын соңды қолданыста болған классификациялау әдістерінің ішінен тақырыпқа сай келетінін таңдап алатын болсақ немесе бұрын кездеспегенімен тақырыптың зерттелу деңгейін ұтымды ашатын жаңа әдіс ойлап тапсақ зерттеудің деңгейін көтеретін фактор болары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дж. Най «Мягкая сила» и американско-европейские отношения, 07.04.2013, URL://<http://smartpowerjournal.ru/soft-power> (қаралған күні: 03.08.2021)
2. Павел Паршин «Проблематика «мягкой силы» во внешней политике России», Институт международных исследований МГИМО (У) МИД России, Аналитические доклады, выпуск 1 (36) март 2013, Москва, 10-бет.

-
3. Казбекова Д.С. «Публичная дипломатия во внешней политике Федеративной Республики Германии и Республики Казахстан», Астана, 2014, 15-17 беттер.
 4. Kadir SANCAK «Diş politikada bir etki araci olarak yumuşak güç: Türkiye'nin yumuşak gücünün analizi ve Azerbaycan üzerindeki yumuşak güç kapasitesinin değerlendirilmesi» («Жұмсақ күш» сыртқы саясаттағы ықпал құралы ретінде: Түркияның жұмсақ күшіне талдау және Өзербайжанға қатысты жұмсақ күш саясатын зерделеу), Түркия, Трабзон, 2015 жыл, 6-95 беттер.
 5. Мақпал Anlamassova «Uluslararası ilişkilerde yumuşak gücün kullanımı ve Rusya'nın yumuşak güç araçları» (Халықаралық қатынастарда жұмсақ күштің қолданылуы және Ресейдің жұмсақ күш құралдары), Стамбул, 2017, 15-37 беттер.
 6. Рустамова Лейли «Мягкая сила» во внешней политике современной Германии», Москва, 2016, 3-11 беттер.
 7. Инь Жуюй «Реализация мягкой силы Китая и Россией средствами массовой информации во внешней политике государств в начале XXI века», Владивосток, 2019, 4-10 беттер.
 8. Сюн Лэпин «Высшее образование как инструмент «мягкой силы» России и Китая», Москва, 2019, 5-16 беттер.
 9. Кутенёв Владимир Владимирович «Институты евразийской интеграции как инструменты «мягкой силы» России», Бишкек, 2013, 4-7 беттер.
 10. Сергеев Станислав Олегович «Наука как фактор мягкой силы», Санкт-Петербург, 2016, 9-10 беттер.

REFERENCES:

1. Dzh. Naj «Myagkaya sila» i amerikano-evropejskie otnosheniya [Soft Power and US-European Relations], 07.04.2013, URL://http://smartpowerjournal.ru/soft-power (03.08.2021)
2. Pavel Parshin «Problematika «myagkoj silY» vo vneshnej politike Rossii» [«Problems of» soft power «in Russian foreign policy»], Institut mezhdunarodnykh issledovanij MGIMO (U) MID Rossii, Analiticheskie doklady, vypusk 1 (36) mart 2013, Moskva, 10 p.
3. Kazbekova D.S. «Publichnaya diplomatiya vo vneshney politike Federativnoy Respubliki Germanii i Respubliki Kazakhstan» [«Public diplomacy in foreign policy of the Federal Republic of Germany and the Republic of Kazakhstan»], Astana, 2014, 15-17 p.
4. Kadir SANCAK «Diş politikada bir etki araci olarak yumuşak güç: Türkiye'nin yumuşak gücünün analizi ve Azerbaycan üzerindeki yumuşak güç kapasitesinin değerlendirilmesi» [«Soft power as an instrument of influence in foreign policy: Analysis of Turkey's soft power and evaluation of soft power capacity over Azerbaijan»], Turkey, Trabzon, 2015, 6-95 p.
5. Мақпал Anlamassova «Uluslararası ilişkilerde yumuşak gücün kullanımı ve Rusya'nın yumuşak güç araçları» [«The use of soft power

in international relations and Russia's soft power tools»], Istanbul, 2017, 15-37 p.

6. Rustamova Leyli «Myagkaya sila» vo vneshney politike sovremennoy Germanii» [«Soft power» in the foreign policy of modern Germany], Moskva, 2016, 3-11 p.

7. In' Zhuyuy «Realizatsiya myagkoy sily Kitaya i Rossiy sredstvami massovoy informatsii vo vneshnoy politike gosudarstv v nachale KH-KHI veka» [«The implementation of the soft power of China and Russia by the media in the foreign policy of states at the beginning of the XXI century»], Vladivostok, 2019, 4-10 p.

8. Syun Lepin «Vyssheye obrazovaniye kak instrument «myagkoy sily» Rossii i Kitaya» [«Higher education as an instrument of «soft power» of Russia and China»], Moskva, 2019, 5-16 p.

9. Kutenov Vladimir Vladimirovich «Instituty yevraziyskoy integratsii kak instrumenty «myagkoy sily» Rossii» [«Institutions of Eurasian integration as instruments of the soft power of Russia»], Bishkek, 2013, 4-7 p.

10. Sergeev Stanislav Olegovich «Nauka kak faktor myagkoy sily» [«Science as a factor of soft power»], Sankt-Peterburg, 2016, 9-10 p.

Назерке Жаукеева¹, Индира Рыстина²

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті саясаттану кафедрасының 3-курс PhD докторанты (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: naz.zhaukeyeva@mail.ru

² ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ Әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің басшысы, PhD. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: indira.rystina@gmail.com

АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚХР «ЖҰМСАҚ КҮШ» САЯСАТЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада Қытай Халық Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары арқылы «жұмсақ күш» теориясын мемлекеттік саясатта қолдану ерекшеліктері көрсетілген. Сонымен қоса, бұл теорияның пайда болуы, қытайлық зерттеушілерінің «жұмсақ күш» ұғымына қытай қоғамы мен мәдениетіне бейімделген анықтамасы ұсынылған. Бұл теория елде ерекше танымалдылыққа ие болды, өйткені ол қытай ұлтының дүниетанымдық көзқарастарымен үйлесімділік тапты. Жаңа технологияларға сүйене отырып, осы саясатты іске асырудың негізгі құралы болып табылатын Қытайдың қазіргі заманғы БАҚ-тары олардың негізгі міндеттерін табысты шешуде. Атап айтқанда, көптеген ірі қытайлық медиа контент ағылшын тілінде шығып, олардың жаһандық ғаламторда қатысуы күшейтіліп, тарату ауқымы кеңейтілуде. Қытай мәдениетін жаһандық ауқымда таратып, оның қабылдануын тереңдету, ҚХР-дың әлеуметтік-экономикалық модернизациясы мен саяси шешімдерін позитивті көзқараста жеткізу үшін мемлекет коммуникацияның инновациялық әдістерін пайдаланып, халықаралық аренада Қытайдың «үнін» белсенді тарататыны белгілі. Қытай медиасы «жұмсақ күш» саясатын тиімді жүргізіп, Қытайдың құндылықтарын әлемнің дамушы елдеріне түсіндіру арқылы елдің оң имиджін қалыптастыруда деген қорытындыға келеді. Дегенмен Қытайдың жұмсақ күші табысты іске асып келеді деген біржақты қорытындыға келу мүмкін емес. Өйткені, АҚШ-Қытай текетіресі және «Белдеу мен жол» аясында қытайлық ақпарат құралдарының қызметі қатаң сынға алынып та жатады.

Түйін сөздер: *Бұқаралық ақпарат құралдары, жұмсақ күш, сыртқы саясат, ақпараттық саясат, ақпараттық соғыс, мемлекет имиджі.*

Назерке Жаукеева, Индира Рыстина СМИ КАК ИНСТРУМЕНТ ПОЛИТИКИ «МЯГКОЙ СИЛЫ» КНР

Аннотация. В статье отражены особенности применения теории «мягкой силы» Китайской Народной Республики через средства массовой информации в государственной политике. Кроме того, происхождение этой теории, дано определение китайских исследователей понятию «мягкая сила», адаптированное к китайскому обществу и культуре. Эта теория приобрела особую популярность в стране, поскольку нашла гармонию с мировоззренческими установками китайской нации. Современные СМИ Китая, которые, опираясь на новые технологии, являются основным инструментом реализации этой политики, успешно решают свои основные задачи. В частности, многие крупные китайские медиа-контент выходят на английском языке, усиливается их присутствие в глобальной сети Интернет, расширяются масштабы распространения. Известно, что для того, чтобы распространять китайскую культуру в глобальном масштабе, углублять ее принятие, выражать позитивное отношение к социально-экономической модернизации и политическим решениям КНР, государство использует инновационные методы коммуникации и активно распространяет китайский «тон» на международной арене. Китайские СМИ приходят к выводу, что они эффективно проводят политику «мягкой силы», распространяя ценности и культуру Китая по всему миру и тем самым формируя положительный имидж страны. Однако нельзя прийти к однозначному выводу, что мягкая сила Китая успешно реализуется. Ведь в рамках американо-китайского противостояния и «пояса и пути» деятельность китайских СМИ подвергается жесткой критике.

Ключевые слова: средства массовой информации, мягкая сила, внешняя политика, информационная политика, информационная война, имидж государства.

Nazerke Zhaukeyeva, Indira Rystina MASS MEDIA AS A TOOL OF THE PRC'S "SOFT POWER" POLICY

Abstract. The article reflects the peculiarities of the application of the theory of "soft power" of the People's Republic of China through the mass

media in state policy. In addition, the origin of this theory, the definition of the concept of "soft power" by Chinese researchers, adapted to Chinese society and culture, is given. This theory has gained particular popularity in the country, because it has found harmony with the worldview of the Chinese nation. Modern Chinese media, which, relying on new technologies, are the main tool for implementing this policy, successfully solve their main tasks. In particular, many major Chinese media content is published in English, their presence on the global Internet is increasing, and the scale of distribution is expanding. It is known that in order to spread Chinese culture on a global scale, deepen its acceptance, express a positive attitude to socio-economic modernization and political decisions of the People's Republic of China, the state uses innovative communication methods and actively spreads the Chinese "tone" in the international arena. The Chinese media come to the conclusion that they are effectively pursuing a policy of "soft power", spreading the values and culture of China around the world and thereby forming a positive image of the country. However, it is impossible to come to an unambiguous conclusion that China's soft power is being successfully implemented. After all, within the framework of the US-Chinese confrontation and the "belt and road", the activities of the Chinese media are severely criticized.

Keywords: *mass media, soft power, foreign policy, information policy, information war, image of the state.*

Кіріспе

Халықаралық аренада әр мемлекет өз саясатын алға жылжыту мақсатында әртүрлі әдістерді қолданып келеді, соның бірі ақпарат құралдары арқылы ықпал ету болып саналады. Қазіргі цифрландыру үрдісі мен ақпараттық технологиялардың қарқынды даму жағдайында оның өзектілігі бірнеше есе артады. Бұқаралық ақпарат құралдары ХХІ ғасырға дейін ақпарат сыртқы саясатты жүзеге асыру үшін қолдануға болатын құрал ретінде қарастырылмай келді. Қытай Халық Республикасы – дүние жүзінде ең көп адам қоныстанған, экономикасының даму деңгейін жоғары қалыпта сақтап келе жатқан, жедел дамушы мемлекет. Бүгінде ҚХР - әскери ядролық әлеуеті және бейбіт атом энергетикасы бар, ғарыш бағдарламаларын белсенді дамытып келе жатқан, жоғары технологиялық өндірісте елеулі табыстарға қол жеткізген мемлекет. Қазіргі әлемдегі көшбасшылардың бірі Қытай үшін жағымды сыртқы саяси имиджді

құру жыл сайын өзекті болып келеді. ҚХР сыртқы саяси қызметте «жұмсақ күшті» белсенді қолданып келе жатқан ел ретінде оны жүзеге асыру стратегиясын өз елдеріне бейімдеді. Қытайлық ғалымдар «жұмсақ күш» ұғымына ҚХР ерекшелігін ескеріп, мүмкін болатын көздерді, ықтимал ресурстарды және оны саяси практикада тиімді жүзеге асырудың құралдарын анықтап, жаңа мағынамен толықтыра түсті.

2015 жылдан бастап жыл сайын «жұмсақ күш» саясатын тиімді пайдаланушы елдердің әлемдік индексі жарияланып отыру дәстүрге айналды. Бұл индекс әлемдік ірі мемлекеттердің өзге елдерге мәдениет, білім беру саласы, диджитал, технологиялық өнімдер экспорты, өнеркәсіптің дамуы, некелесу, тамақ өнеркәсібі, қонақжайлылық, әшекей, сән бұйымдары, сыртқы саясат, өмір сүруге қолайлылық сияқты параметрлер бойынша айқындалады. Brand Finance консалтингтік компаниясы әлем елдерінің «жұмсақ күші» деңгейі бойынша рейтингінің соңғы нұсқасын шығарды. 2021 жылғы рейтингте бірінші орынды Германия иеленді, себебі бұл мемлекет пандемия жағдайында тұрақтылық пен жағдайды бақылай алу қабілетін көрсетті. ТОП-10 тізімге тағы екі держава АҚШ және Қытай кірген [1]. Халықаралық сарапшылардың пікірінше, қазіргі уақытта «жұмсақ күшке» ең көп қаражат жұмсайтын АҚШ, Еуропалық Одақ елдері және ҚХР [2, 188 б.].

«Жұмсақ күшті» зерттеушілер профессор Дж.Найдың еңбектерінен айналып өте алмайды. Гарвард университетінің профессоры, америкалық саясаттанушы Джозеф Най «жұмсақ күш» идеясын зерттеу нысаны ретінде қарастырғаннан бастап бұл идеясы ғылыми ортада кеңінен талқыланды. Бұл идея «қырғи қабақ соғыс» аяқталғаннан кейінгі америкалық геосаясаттың дамуын сипаттайтын стратегия ретінде ұсынылды. Бүгінгі таңда дамыған елдер басқа мемлекеттерге өз ықпалын арттыруда жағымды имидж қалыптастыруға ұмтыла отырып, сыртқы саяси стратегияда «жұмсақ күшті» тиімді қолданады. «Жұмсақ күш» ұғымының мәні сыртқы саясаттағы мемлекеттердің мақсаттарына жетудің тартымды және сендіретін әдістерінен құралады. Дж.Най «жұмсақ күш» ұғымын «қалаған нәтижеге жету үшін басқалардың мінез-құлқына әсер ету» қабілеті ретінде сипаттайды. Най бұл үдеріс «адамдарды мәжбүрлеудің орнына, оларды біріктіру» деп қарастырған. Дж.Най өзінің әйгілі «Жұмсақ күш: әлемдік саясатта жетістікке жетудің құралы» атты кітабында биліктің таралуына ықпал еткен кем

дегенде бес тенденцияны атап өтеді: экономикалық өзара тәуелділік, трансұлтты ойыншылар, әлсіз елдердегі ұлтшылдық, технологиялардың таралуы және саяси мәселелердің өзгерісі [3, 47 б.].

Профессор Джозеф Найдың халықаралық қатынастар мен әлемдік саясаттың іргелі мәселелеріне арналған «Bound to Lead: The Changing Nature of American Power» (1990, Американың күдіреттілік табиғатының өзгеруі), «Governance in a Globalizing World» (2000, Жаһанданған дүниедегі басқару), «The Paradox of American Power: Why the World's Only Superpower Can't Go it Alone» (2002, Америка күдіреттілігінің парадоксы: неге әлемдегі жалғыз супердержжава жеке дара бола алмайды) және «Soft Power. The Means to Success in World Politics» (2004, Жұмсақ күш. Әлемдік саясатта жетістікке жетудің құралдары) еңбектерінің құндылығы жоғары. «Жұмсақ күш» қолданудың теориясы мен практикасына және жекелеген компоненттеріне қатысты ресей ғалымдары А.А. Громыко [4], Г.Ю. Филимонова [5], Д.В. Мосяков [6], М.М. Лебедева [7], Ю.П. Давыдова [8] сияқты ғалымдардың еңбегінің пайдасы зор болды. П.Б.Паршиннің Ресей СІМ жанындағы Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтына қарасты Халықаралық зерттеулер институтының Жаһандық мәселелер орталығында жасаған «Ресейдің сыртқы саясатындағы «жұмсақ күш» мәселелері» атты аналитикалық баяндамасы - «жұмсақ күшті» зерттеудегі маңызды қадам [9]. Баяндамада «жұмсақ күштің» компоненттік құрылымын, оның Ресейдің сыртқы саясатында практикалық қолданылуын және «жұмсақ күш» пен «қатаң күштің» арақатынасын қарастырады. Қытайлық жұмсақ күш саясатының ерекшеліктері мен басымдықтары ресейлік және батыс зерттеушілерінің еңбектерінде қарастырылған. Олар батыс тұжырымдамасының Қытай қоғамына бейімделуі, «аспан асты елінде» «жұмсақ күш» идеясының мәдени-центристік дамуын қалыптастыру тақырыптарын егжей-тегжейлі қарастырады.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеуде «жұмсақ күш» идеясын әлеуметтік-мәдени дәстүрлер мен қазіргі әлемдік жағдайдағы қажеттілігі тұрғысынан қарап, бұқаралық ақпарат құралдарын «жұмсақ күш» құралы ретінде зерттейтін Батыс, Қытай, Ресей ғалымдарының еңбектері пайдаланылды. «Жұмсақ күш» терминін терең түсіну үшін оның мемлекеттің шеңберіндегі, сондай-ақ оны халықаралық саясаттағы қолдану практикасына арналған бірқатар еңбектер зерттелді. Зерттеу

жұмыстарында бұрын айтылған «мәдени империализм» ұғымы, медиа империализм деп те аталып жатады. Мәдени империализм – трансұлттық шоғырлану мен монополияның бір түрі, сонымен бірге пайда болған ақпараттың біржақты айналымынан туындаған мәдени ықпал. Зерттеушілер мәдени экспансияға негізінен ақпаратты тарату арқылы қол жеткізілетінін атап өткен [10]. Қуатты медиа технологиялары бар елдер дамыған халықаралық байланыс жүйесінің көмегімен дамушы елдерге өздерінің мәдени құндылықтарын сіңіре алады. БАҚ күші елдің жұмсақ күшінің маңызды бөлігіне айналғанын және оның тұжырымдамасы одан әрі талдауға лайық екенін көруге болады. Чен Манли бұқаралық ақпарат құралдарының бір бөлігі жұмсақ күшке жатады деп санайды, бірақ оны қатаң күш ретінде жіктеуге болады. Ю Гуомин БАҚ-тың өзіндік күш ретінде, негізінен инфрақұрылым мен БАҚ-тың өндірістік функцияларында көрінетін қатаң биліктің белгілі бір атрибуттарына ие екенін атап өтті [11]. Қытайда «БАҚ күші» тұжырымдамасын ұсынған алғашқы адам Цинхуа университетінің мемлекеттік басқару мектебінің докторанты профессор Ху Анган және Чжан Шаоцун болды. Олар бұқаралық ақпарат құралдарының күшін елдің медиа жүйесіне ену және әсер ету құралы ретінде анықтайды [12].

«Жұмсақ күш» терминінің пайда болуының теориялық және тарихи контексттерін жинақтаған Қытай ғалымдары Джозеф Най ұсынған «жұмсақ күш» ұғымы таза американдық стилімен ерекшеленеді және гегемониялық сипатқа ие деген қорытындыға келген. Қытай ғалымдары тақырыпты зерттеуде келесі екі санатқа назар аударады – ол «ішкі жұмсақ күш» және «сыртқы жұмсақ күш». Қытайдың «жұмсақ күшінің» ерекшелігі – Қытайдың халықаралық аренадағы саясатын түсіндіу, таныту, қолдау және дамуы үшін қолайлы сыртқы ортаны қамтамасыз ету. Осы орайда ақпарат құралдары маңызды құрал болып саналады.

Зерттеуде мемлекеттік ақпараттық саясаттың ережелері, Қытайдағы БАҚ қызметін туралы түпнұсқадағы құжаттар қарастырылды. Тақырыптың өзектілігі мен мазмұнын ашу үшін құрылымдық-функционалдық әдіс; салыстырмалы талдау әдісі; мемлекеттік басшыларының осы мәселе туралы сөздері мен медиа мәтіндерін контент-талдау әдістері қолданылды.

Зерттеудің нәтижесі

Соңғы онжылдықта Қытайдың маңызды құралы мен насихаттық ресурсы өзекті, қоғамдық маңызы бар және (бұқаралық) аудитория

үшін ойын-сауық мазмұнын өндіретін және тарататын, сондай-ақ ақпарат пен рекреациядағы қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын кәсіпорындар жүйесін білдіретін көп деңгейлі БАҚ-тың тармақталған желісі және Ұлттық медиаиндустрия болып қалуда [2, 193 б.]. Басқа елдерге күш көрсету арқылы әсер етпеу идеясы ежелгі қытай дәстүрлеріне жауап беретінін атап өткен жөн: әскери өнер мектебінің негізін қалаушы Сун Цзының «ең жақсысы - басқаның әскерін ұрыссыз жеңу» деген сөзі, сондай-ақ Конфуцийдің «қайырымды күйеу (благородный муж) мәдениетті қолдана отырып достар табады» деген сөзі «жұмсақ күш» тұжырымдамасына толық сәйкес келеді. Қытай Ху Цзиньтаоның билікке келуімен әлемдік қауымдастыққа әсер етудің дәстүрлі емес құралдарының рөлін байыпты қарастыра бастады. Соңғы жылдары Бейжіңнің «жұмсақ күшінің» элементтері елеулі жеміс бере бастады, нәтижесінде Қытай Орталық Азия өңірі тарапынан өзіне неғұрлым қолайлы қарым-қатынас орната алды.

ҚХР қолданатын маңызды құрал – қытайлық бұқаралық ақпарат құралдары. Бірінші кезекте шетелдік аудиторияға бағытталған қытайлық БАҚ-тарға Қытайдың Орталық теледидары (CCTV), Қытайдың Халықаралық радиосы (CRI), «Синьхуа» ақпараттық агенттігі (АА) және «Жэньминь жибао» газеті кіреді. Олардың негізгі міндеті батыстық БАҚ-қа балама жаңалықтар күн тәртібін қалыптастыру, сондай-ақ басты халықаралық оқиғалар мен проблемалар туралы өз көзқарасын ұсыну болып табылады. Шетелдік аудиторияны кеңінен қамту тілдік диапазонның арқасында мүмкін болды. Осылайша, CRI 43 шет тілдерінде және диалектілерде хабар таратады, CCTV ағылшын, испан, француз, араб және орыс тілдерінде тәулік бойы хабар тарататын арналарды қамтиды [13].

Бұдан бөлек, Қытайдың жағымды имиджін қалыптастыруда жаһандық желіге, атап айтқанда мамандандырылған сайттар құруға үлкен мән беріледі. Б.д. д. V ғасырда қытайлық стратег Сун Цзы «ақпаратты соғыстың негізі ретінде» анықтағаны белгілі. Мемлекеттер арасындағы бәсекелестік, экономикалық, саяси және әскери артықшылық үшін күрес ақпараттық алаңда жүріп жатыр. Бұл алаң – ғаламтор. Бүкіләлемдік ғаламтордың танымалдығы көптеген себептерге байланысты арта түсті: ең алдымен, адамдардың дәстүрлі БАҚ-ына (құрылтайшыға тәуелді болған баспасөзге, радиоға, теледидарға) сенімі әлсірей түсуі болса керек.

Осы орайда Қытай жаһандық желі арқылы, атап айтқанда

мамандандырылған сайттар құруға үлкен мән берді. Солардың бірі «ChinaModernRU» - Заманауи Қытай. Бұл 2009 жылы құрылған Қытай туралы ақпараттық портал. Онда қытайдың күнделікті жаңалықтары баяндалады, оқиғалар бейнеленеді, ақпараттық мақалалар, шолулар, фотосуреттер мен қытай қалаларының сипаттамалары жарияланады, мемлекет тарихы ұсынылған. Порталдағы ақпарат үш тілде беріледі: орыс, ағылшын, қытай. Қытай үкіметі мен оның қызметін (ҚХР басшысы, саясат, бизнес) және елдің мәдениетін (тарих, тағамдар, мерекелер, ойын-сауық, дәстүрлер) көрсететін айдарлар кеңінен ұсынылған.

Бүгінгі таңда ғаламторда Қытай туралы 687 сайт тіркелген, олар елдің әртүрлі қызмет салаларын көрсетеді: саясат, экономика, спорт, мәдениет, құрылыс, БАҚ, заңнама және т.б. олардың барлығы елдің имиджін құрайды. Айта кету керек, қазіргі ғылыми әдебиеттерде Қытайдың имиджін қалыптастыруға әлі тиісті көңіл бөлінбеуде. Бірқатар ресей ғалымдары өз еңбектерінде Қытай қоғамына және сыртқы әлемге қазіргі Қытайдың: мемлекеттің өзі, оның саяси, әлеуметтік, мәдени институттары, аймақтар, экономика салалары, тауарлар мен қызметтер имиджінің қалай қалыптасатынын және қалай көрінетінін сипаттай отырып [14], қазіргі Қытайдың ерекшелігі мен идеологиялық үстемдігін алдын-ала анықтайтын және елде болып жатқан құбылыстар мен оқиғалардың барысына әсер ететін саяси, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық және мәдени факторларға назар аударады. Бірақ мемлекет имиджін қалыптастырудағы бұқаралық коммуникациялардың рөлін бәрі бірдей қарастырмайды. Ғаламтордың және оның Қытайдың конструктивті имиджін құрудағы ақпараттық мүмкіндіктерінің зерттеу нысаны болған жоқ [15].

Жаңа медиа саласы ҚХР әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени дамуына белсенді әсер етуде. Ол ақпараттық, ұйымдастырушылық және тәрбиелік функцияларды орындаумен қатар, Қытайдың әлемдегі жағымды имиджін таратудың арнасы болып келеді. ҚХР жаңа бұқаралық ақпарат құралдары тәуелсіз ресурстарға айналып, бұрыннан бар дәстүрлі медиа жүйесін толықтыра түсті. Қытайда Facebook, Instagram, Twitter және Google сияқты батыс сайттары мен әлеуметтік медиа қосымшалары бұғатталған. Қытайда жаңа медианың дамуы жағдайында танымалдық рейтингінің алғашқы қатарларын түрлі отандық әлеуметтік желілердің мобильді қосымшалары алып отыр, ал ең ірі

провайдерлер-үйде де, ұялы байланыста да қызмет көрсететін China Telecom, China Unicom және China Mobile [16]. Қытайда 2011 жылы іске қосылған WeChat (Weixin) әлеуметтік желісі, QQ мессенджері (1999 ж.), Weibo микроблог қызметі (2009 ж.), видеохостинг You-Ku.com (2006 ж.), Zhihu мамандандырылған сараптамалық сұрақ-жауап платформасы (2011 ж.) және т. б. сияқты коммуникациялық ресурстарды сәтті игерді.

ҚХР бірнеше жылдан бері интернет-пайдаланушылар санының өсу қарқыны бойынша және олардың жалпы саны бойынша көшбасшы болып келеді. Мысалы, қазіргі уақытта бүкіл әлем бойынша 500 миллионнан астам адам WeChat мобильді жүйесінің абоненттері болып табылады. Қытайлық сарапшылардың пікірінше, Қытайдың интернет сегментінің, ұлттық әлеуметтік желілердің және мобильді қосымшалардың халықаралық ықпалында қытайлық мигранттардың 50 миллиондық армиясы – хуацяо маңызды рөл атқарады. Пекиннің «жұмсақ күшінің» маңызды жетістігі хуацяоның қайта бағдарлануы болды, олар бүгінде ҚХР-ды өз Отаны ретінде қабылдап, коммунистік партияның шешімдеріне назар аударып отырады.

ҚХР мемлекеттік ақпараттық саясатын қарқынды дамытып телекоммуникациялық құралдар мен ақпараттық технологияларын пайдалануды қарастыра отырып жүзеге асырады. Фото және бейнетіркеуді енгізудің жалпыға қолжетімділігіне байланысты, әлеуметтік желілер арқылы материалдарды таратудың және оны әлемнің түкпір-түкпіріне лезде таратудың арқасында фактілерді бұрмалай отырып, насихаттау іс-шараларын және арандату репортаждарын жүргізу қиынға соғуда. Ақпараттық акциялар әлеуметтік медианың қолдауынсыз тиімсіз болып келеді. Қытай мемлекет ішінде де, шетелде де әлеуметтік медианы қолдану тәжірибесін белсенді зерттеуді жалғастыруда. Сарапшылар Гонконгтағы тәртіпсіздіктердің орын алуы (маусым, 2019 ж.) мемлекетке қарсы күштердің осы цифрлық ақпарат құралдарын үйлестірілуі арқылы мүмкін болды деген пікірге келеді. ҚХР-да әлеуметтік желілерде пайда болған ымыралы материалдардың арқасында ашылған және кеңінен жарияланған бірқатар сыбайлас жемқорлық жанжалдарын атап өткен жөн. Қытай үшін цифрлық дипломатияны жұмсақ күштің маңызды құралы ретінде қолданудың негізгі мақсаты, ең алдымен, ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ өзінің сыртқы саясатын ілгерілетуі болып табылады.

Нәтижелерді талқылау

Қытайда «жұмсақ күш» мәселесі алғаш рет 1993 жылы жарық көрген Ван Хуниннің «Мәдениет – мемлекеттің «жұмсақ күш» әлеуеті» атты мақаласында көтерілді. Бұл еңбекте Қытай мәдениетінің белгілі құндылықтары «жұмсақ күш» ретінде пайымдалған. Автор қазіргі заманда болып жатқан халықаралық өзгерістерде «жұмсақ күшті» елдің сыртқы байланысындағы негізгі күшке айналдырды деген. Егерде «дүлей күш» белгілі саяси жағдайларда ғана іске асса, ал әлеуметтік-мәдени құндылықтар жүйесіне арқа сүйейтін «жұмсақ күш» халықаралық қауымдастық тарапынан үнемі қолданыста болады деп санайды [17, 158 б.]. Осы мақаладан кейін Қытайда «жұмсақ күш» мәселесі кең талқылана бастады. «Soft power» түсінігі аясында қытайлық ғалымдардың философия, экономика, менеджмент, саясаттану және мәдениеттану саласында көптеген еңбектер жарық көрді.

«Жұмсақ күш» принциптеріне қатысты алғашқы ұсынылған нұсқаларының өзінде-ақ қытайлықтардың классикалық американдық және жалпы англо-саксондық концепциялар мен көзқарастардан біршама алшақ кеткенін байқауға болады. Бір айта кететін мәселе қытайлық ғалымдар да «жұмсақ күш» концепциясын әртүрлі түсіндіреді. Мысалы, кейбір қытайлық ғалымдардың пікірінше оған саяси жүйе мен саяси басқарудың ұлттық рух, қоғамның халықаралық бейнесі, мемлекеттің халықаралық стратегиясы, ғылым мен техникалық даму деңгейі сияқты компоненттерді де жатқызуға болады. Қытайдың аймақтық және жаһандық беделінің артуы оның өзіне тән нарықтық 44 реформалары мен әлемдік экономикаға белсенді интеграция жасауының нәтижесінде қол жеткізген экономикалық табыстарына ғана байланысты емес. Халықаралық аренада Қытай көздеген мақсатына «жұмсақ күш» ресурстарын жан-жақты қолдану арқылы қақтығыссыз, бейбіт жолмен қол жеткізуде. Қытай билігі насихаттап жүрген, бүгінгі жағдайға лайықтап «жаңартылған» әлеуметтік-мәдени құндылықтар ел ішінде және сырт елдерде тұратын қытайлықтарды ғаламдық қытайлық қоғамға біріктіруде [18].

2010 жылы жалпы ішкі өнімінің көлемі әлем бойынша екінші орынға көтерілген соң, Қытай халықаралық байланыстардағы ең маңызды елдердің біріне айналды және беделі артты. Алайда, қарулы күштер мен экономикадағы «катаң күш» алға жылжығанымен, Қытайдың «жұмсақ күші» тиісті прогреске қол жеткізе алмады.

Сарапшы Ху Анганнің айтуынша, егер Қытай «жұмсақ күшті» іске асырмаса, онда ол «жұмсақ соққыдан» зардап шегеді. 2012 жылғы 15 қарашадағы партияның 18-ші съезінде социалистік мәдениеттің ұлы дамуы мен өркендеуі, мәдени жүйенің реформасын тереңдету және елдің мәдени жұмсақ күшін жетілдіру қажет екенін айтты. Бұл зерттеуде елдің жұмсақ күшінің күшеюі бүгінде Қытай үшін үш практикалық мәнге ие деп саналады. Біріншіден, сыртқы күштердің ықпалы, батыс елдері мен олардың айналасындағы көршілердің сенімсіздігі.

Екіншіден, соңғы 30 жылдағы реформалар мен ашықтықтан кейінгі әлеуметтік қайшылықтар, қоршаған орта мен экологияның нашарлауы сияқты әлеуметтік проблемалардың көбеюі. Үшіншіден, Қытайдың ұлттық жұмсақ күшін шетелдік идеологиялық формалардың эрозиясына қарсы тұру және ұлттық идентификацияны нығайту үшін қолданады. Жұмсақ күш елдің халықаралық мәртебесінің негізгі құрамдас бөлігіне айналады. Жұмсақ күшті стратегиялық деңгейге шығару елдің ортақ мақсаттарына қол жеткізу үшін негізгі талап болды.

Тяньцзинь шетелдік зерттеулер университетінің ғылыми қызметкері Ван Сюэиннің зерттеуі бойынша, Қытайдың саяси, экономикалық, мәдени және басқа салалардағы «үні» халықаралық қоғамдастықтың назарын аударып отыр. Батыс мәдениеті идеология, құндылықтары және әлеуметтік жүйе тұрғысынан өзімен үйлеспейтін Қытайдың өркені мен қоғамдық пікірін объективті қабылдай алмай, батыс БАҚ-тары «Қытайдың құлдырауы» және «Қытайдың қаупі» теорияларын таратып келеді. Осындай жағдайда Қытай шетелдік «мәдени дискурста» өзінің жұмсақ күшін одан әрі күшейтіп, мәдени тартымдылықты және шетелдік дискурстың сенімін арттыру, Қытайдың үнін, тарихы мен мәдениетін әлемге оң қырынан жеткізу мақсатында ақпараттық құралдарды пайдаланады. Оның пікірінше, халықаралық қоғамдастықта қытайлық мәдени дискурстың әсерін күшейту үшін коммуникацияның әртарапты моделін құру қажет. Ол үшін Қытай әлемді, ал әлем Қытайды жақсы түсінуі керек. Қытай мәдениеті жаһандық ауқымда тарап, тереңдей түскен сәтте Қытай гуманитарлық жобаларды, кітаптардың шетелдегі таралымын, шетелдік аудармалардың сапасын, сондай-ақ қытайтану саласын тереңдетуі тиіс. Ал осы жобалардың табысты болуы үшін Қытай коммуникацияның инновациялық әдістерін

енгізіп, халықаралық аренада Қытайдың үнін белсенді тарататыны белгілі [19].

Жұмсақ күш теориясы Қытайдың ресми дискурсына енген кезде, Қытайдың жұмсақ күшін нығайту мәселесі мемлекеттік стратегияның маңызды бөлігіне айналады. Мәселен, Африка да Қытайдың мемлекеттік ақпарат құралдары белсенді рөл атқарып, жұмсақ күшін іске асыратын маңызды аймақ ретінде қарастырылады. ҚХР-дың Синьхуа ақпарат агенттігі, Қытай халықаралық радиосы, Қытайдың Орталық телевизиясы, «Жэньминь Жибао» және «Чайна Дейли» басылымдары Қытайдың Африкадағы және өзге де дамушы елдер арасындағы достық пен ынтымақтастықтың үгіт-насихат құралы. Қытай мен Африка арасындағы қатынастардың қарқынды дамуымен қатар, Қытай ақпарат құралдары Африкадағы жұмысын дамытып, Африка елдерінде БАҚ көптеген филиалдары ашылып, Қытай-Африка медиа алмасуы мен ынтымақтастығы дамуда. Осылайша, Қытай ақпарат құралдары өздерінің халықаралық дискурсын күшейтіп, Қытай имиджін нығайтады, мәдениетін таратады және Қытай-Африка ынтымақтастығына ыңғайлы платформа құрады. Қытайдың жеке компаниялары Африка интернетінің, цифрлық радио мен теледидардың дамуына айтарлықтай үлес қосып, Қытайдың Африкадағы жұмсақ күшін арттыруға ерекше үлес қосып келеді [20].

Жібек жолы экономикалық белдеуін бірлесіп құру бастамасы ежелгі Жібек жолына жаңа серпіліс беріп, Қытайда және халықаралық қауымдастық кеңінен назар аударып, әртүрлі пікірлер айтылуда. «Белдеу мен жол» сыртқы әлеммен интеграцияның жаңа моделін көрсетуге бағытталған Қытайдың үлкен стратегиясына айналды. Бұл стратегияны Қытай коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Мемлекеттік Кеңес келісе отырып қабылдаған маңызды шешім болып табылады. Бұл инициатива Қытайда ашық экономиканың жаңа жүйесін құру, сыртқы әлемге ашықтық моделі, Қытай ұлтының қайта өрлеуі жөніндегі Қытай арманын іске асыру аясында маңызға ие. «Белдеу мен жол» инициативасын сатылы түрде ілгерілету үшін Қытай мүмкіндігінше халықаралық консенсусқа қол жеткізіп, экономикалық дәліздің бойында орналасқан және оның сыртындағы елдердің қолдауына жүгінуді көздейді. Сондықтан «жаңа үлгідегі халықаралық қатынастар жүйесіне» жауапты мемлекет ретінде Қытай «Белдеу мен жол» дамуына басқа дамушы елдерді қатыстыруға өзінің жұмсақ күшін пайдаланады. Бұл жерде «жұмсақ күш» дегеніміз Қытайдың әр елде ашқан Конфуций орталықтары,

оқу гранттары, фестивальдері мен мәдени шараларынан бөлек, Қытайдың барлық жобалары мен іс-шараларын мемлекеттің ішкі және халықаралық ақпарат құралдарында Қытайдың оң имиджін орнату, жетістіктері мен табыстарын айту, алыс-жақын елдің қоғамындағы күдікті сейілту және өз мәдениеті мен тілін насихаттау. Цифрландырудың қарқынды артуы жағдайында электрондық порталдар, мультимедиялық құралдар, әлеуметтік желілер Қытайдың жұмсақ күшін таратуға белсенді қолданылады.

Қорытынды

Бұқаралық ақпарат құралдарының инфрақұрылымын жетілдіру Қытайдың жұмсақ күшін кеңейтудің маңызды бағыты болып саналады. Қытайдың бұқаралық ақпарат құралдарының аппараттық күші әлемде алдыңғы қатарда болғанымен, жан басына шаққандағы деңгейі, техникалық қамтамасыз ету, институционалдық реформалар және даму тұжырымдамасы тұрғысынан дамыған елдерден әлі де үлкен алшақтығы бар. Қытай БАҚ-да инновацияларды жетілдіру және енгізу саласында әлі де көптеген кедергілер бар. Ақпарат арқылы «жұмсақ күшті» арттырудың ғылыми және тиімді даму стратегиясы тұжырымдалған соң, Қытайдың медиа қуаты тез нығаюы мүмкін. Осыған қарамастан, Қытай экономикалық дамуы жағынан қазіргі әлемде жетекші орындардың бірін алады және өзін үлкен мәдениет пен дәстүрдің мұрагері деп танығандықтан ол фактор елдің ішкі және сыртқы медиа жүйесін анықтайды. Сыртқы коммуникацияға бағдарланған БАҚ елдің «жұмсақ күшін» жүзеге асырудың басты бағытына айналып келеді. Қытай медиа арналарды тиімді қолдана отырып, әлемдік тәртіпке ықпал ету тетігін кеңейтуді көздейді.

Қытай БАҚ-ы бұрын-соңды болмаған ғаламдану факторларының әсерінен (журналистік қызмет стандарттары, мәдениеттер жақындастығы) өзгеріске ұшырайды, бірақ өзінің ұлттық ерекшеліктері сақтап келеді. Интернет пен ақпараттық технологияларды пайдалану қытайлық ақпарат құралдарының тақырыпты кеңейтуі, аудиторияның қызығушылығын қанағаттандыру, халықаралық ақпараттың сапасын арттыру және оны жаһандық ауқымда таратуына мүмкіндік береді. Қытайдың жаңа медиасы елдің «жұмсақ күшін» нығайтудың маңызды платформасы мен арнасына айналды.

Бүгінгі таңда Қытайдың сыртқы саясаттағы «жұмсақ күшін» бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен нығайтуы ұзақ мер-

зімді стратегиялық жоспар болып табылады. БАҚ халықаралық коммуникациядағы Қытайдың «жұмсақ күшінің» ең тиімді құралына айналып, шет ел азаматтарының Қытай туралы түсінігін орнатады, мемлекеттің қолайлы имиджін жасайды. Осылайша халықаралық дипломатиялық ортада өз ұстанымдарын нығайтуға, ұлттық мәдениеті мен идеяларын, құндылықтарын, сосын талаптарын орындауға жол ашады. Қазіргі уақытта мемлекеттің сыртқы имиджін құру саласында терең өзгерістер орын алуда. Қытайдың бұқаралық ақпарат құралдары бейбіт, тұрақты, жауапты елдің имиджін белсенді түрде қалыптастырып, елдің сыртқы саясатындағы «жұмсақ күшін» жүзеге асыруға ықпал етеді. Қытай өзінің бұқаралық ақпарат құралдарына қыруар қаржы бөле отырып, оларды мәдени экспорттың, өзін танытудың және қоғамдық оң пікір қалыптастырудың басты бағдары ретінде қарайды. Қытай өзінің ұлттық мәдениетін, құндылықтарын таратуда және сыртқы саясатты жүзеге асыруда бұқаралық ақпарат құралдарының коммуникативті рөлін тиімді қолдануды жалғастыратыны белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Haigh D. Global soft power index 2021. Brand Finance brandirectory. – 2020. [Электронный ресурс]. URL: //https://brandirectory.com/globalsoftpower/ (Accessed: 25.08.2021).
2. Вартанова Е. Л. Меняющаяся российская медиаиндустрия: теоретические подходы // Вестн. СПбГУ. Язык и литература. – Т. 15. Вып. 2. – 2018. – сс. 186-194.
3. Joseph S.Nye. Soft Power: The Means To Success In World Politics. New York. Public affairs. – 2004. – pp.191.
4. Громыко А.А. Мягкая сила и сила права: к постановке проблемы // Вестник Московского Университета. Международные отношения и мировая политика. - №3. – 2014. – сс.3-19.
5. Филимонов Г.Ю. Мягкая сила культурной дипломатии США. М.:РУДН. – 2010. – 212 с.
6. Мосяков Д.В. Мягкая сила в политике Китая в Юго-Восточной Азии // Юго-Восточная Азия: актуальные проблемы развития. – Т.14. – 2010. – сс. 5-22.
7. Лебедева М.М. Мягкая сила в отношении Центральной Азии: участники и их действия // Вестник МГИМО. – №2 – 2014. – сс. 47-55.
8. Давыдова Ю.П. Понятие «жесткой» и «мягкой» силы в теории международных отношении //Международные процессы. – №1 – 2014. – сс.69-80.
9. Паршин П.Б. Проблематика «мягкой силы» во внешней политике России // Вестник МГИМО. – Вып.1. – 2013. – с.27.
10. McQuail D. Mass Communication Theory. Piet Bakker, 2005. – pp.204-205

11. 喻国明.中国媒介软实力发展报告. – 2009. – p.34.
12. 胡鞍钢, 张晓群.中国传媒迅速崛起的实证分析.战略与管理. 2004, 2页
13. Редакция Exclusive. Кем мы считаем Китай: «пандой» или «драконом»? – 2020. [Электронный ресурс]. URL: //https://www.exclusive.kz/expertiza/obshhestvo/121391/ (Доступ: 25.08.2021).
14. Рожков И.Я. Имидж Китая в контексте PR и рекламы. М.: МГИМО. – 2006. – с. 90.
15. Благодер Ю.Г. Образ Китая в письменных свидетельствах российских путешественников и дипломатов XVII - начала XX вв.: дис. ... канд. ист. наук. Краснодар. – 2005. – 284 с.
16. Кононова, Цзя. Концептуальное развитие телевидения Китая: задачи и возможности. – 2018. [Электронный ресурс]. URL: // http://www.discourseanalysis.org/ada20_2/st188.shtml (Доступ: 27.08.2021).
17. Ван Таопэн. Культурная «мягкая сила», стратегический выбор Китая (Вэньхуа жунь шили, Чжунго дэ чжаньлюэ сюаньцзэ) // Чжэнгун яньцзю дундай. - № 2. – 2008. – с. 12.
18. 陈嘉林.从传媒“硬”实力发展角度考察中国软实力发展的经验与启示- 2014. [Электронный ресурс]. URL: //http://media.people.com.cn/n/2014/0324/c150617-24714503.html (Доступ: 30.08.2021).
19. 王雪莹.提升中国对外“文化话语”软实力, 创建多元立体化传播格. – 2020. https://theory.gmw.cn/2020-01/21/content_33501023.htm (Доступ: 30.08.2021).
20. 李文刚.中国媒体与中国在非洲的软实力建设 – 2015. [Электронный ресурс]. URL://https://www.ydyln.com/skwx_ydyln/initDatabaseDetail?contentId=6722099&siteId=1&contentType=literature (Доступ: 30.08.2021).

REFERENCES:

1. Haigh D. (2020) Global soft power index 2021. Brand Finance brandirectory. URL://https://brandirectory.com/globalsoftpower/ (Accessed: 25.08.2021)
2. Vartanova E. L. *Menjajushhajasja rossijskaja mediaindustrija: teoreticheskie podhody* [The changing Russian media industry: theoretical approaches]. *Vestn. SPbGU. Jazyk i literature-Vestn. St. Petersburg State University. Language and literature.* – Vol. 15. Issue 2. – 2018 – pp. 186-194
3. Joseph S.Nye. *Soft Power: The Means To Success In World Politics.* New York. *Public affairs.* – 2004. – pp.191
4. Gromyko A.A. *Mjagkaja sila i sila prava: k postanovke problemy* [Soft power and the power of law: towards the formulation of the problem]. *Vestnik Moskovskogo Universiteta. Mezhdunarodnye otnoshenija i mirovaja politika-Bulletin of the Moscow University. International relations and world politics.* - No. 3. - 2014. - pp. 3-19
5. Filimonov G. Yu. *Mjagkaja sila kul'turnoj diplomatii SShA*[The soft power of cultural diplomacy of the USA]. М.:RUDN.Moscow: RUDN. – 2010. – pp. 212
6. Mosyakov D. V. *Mjagkaja sila v politike Kitaja v Jugo-Vostochnoj Azii* [Soft power in China's policy in Southeast Asia]. *Jugo-Vostochnaja Azija: aktual'nye problemy razvitija-Southeast Asia: actual problems of development.* - Vol. 14. - 2010. - pp. 5-22
7. Lebedeva M.M. *Mjagkaja sila v otnoshenii Central'noj Azii: uchastniki i ih dejstvija* [Soft power in relation to Central Asia: participants and their actions]. *Vestnik MGIMO-MGIMO Bulletin.* – No.2 – 2014. - pp. 47-55

8. Davydova Yu. P. *Ponjatie «zhestkoj» i «mjagkoj» sily v teorii mezhdunarodnyh otnoshenij* [The concept of "hard" and "soft" power in the theory of international relations]. *Mezhdunarodnye process-International processes*. – No.1 – 2014. – pp. 69-80
9. Parshin P. B. *Problematika «mjagkoj sily» vo vneshnej politike Rossii* [Problematiks of "soft power" in the foreign policy of Russia]. *Vestnik MGIMO-Vestnik MGIMO*. – Issue 1. – 2013. – pp. 27.
10. McQuail D. *Mass Communication Theory*. Piet Bakker, 2005. – pp.204-205
11. 喻国明(Yu Guoming). *Zhongguo mejie ruan shili fazhan baogao* [Report on the development of soft power in China's media]. – 2009. – p. 34
12. 胡鞍钢, 张晓群(Hu Angang and Zhang Xiaoqun). *Zhongguo chuanmei xunsu jueqi de shizheng fenxi* [Empirical analysis of the rapid rise of Chinese media]. *Zhan lue yu guanli-Strategy and management*. – 2004. pp. 2
13. Redakcija Exclusive (2020). *Kem my schitaem Kitaj: «pandoj» ili «drakonom»?* [Who do we consider China to be: "panda" or "dragon"?]. URL://<https://www.exclusive.kz/expertiza/obshhestvo/121391/> (Accessed: 25.08.2021)
14. Rozhkov I. *Imidzh Kitaja v kontekste PR i reklamy* [The image of China in the context of PR and advertising]. *M.: MGIMO-Moscow: MGIMO*. - 2006. - pp. 90
15. Blagoder Yu. G. *Obraz Kitaja v pis'mennyh svidetel'stvah rossijskih puteshestvennikov i diplomatov XVII - nachala XX vv. : dis. ... kand. ist. nauk*. [The image of China in the written testimonies of Russian travelers and diplomats of the XVII-early XX centuries: dis. ... candidate of historical sciences]. *Krasnodar-Krasnodar*. – 2005 – pp.284
16. Kononova, Jia. (2018) *Konceptual'noe razvitie televidenija Kitaja: zadachi i vozmozhnosti*. [Conceptual development of Chinese television: challenges and opportunities]. URL://http://www.discourseanalysis.org/ada20_2/st188.shtml (Accessed: 27.08.2021)
17. Wang Taopeng. *Kul'turnaja «mjagkaja sila», strategicheskij vybor Kitaja* [Cultural "soft power", China's strategic choice]. *Vjen'hua zhun' shili, Chzhungo dje chzhan'ljuje sjuan'czje.Chzhjengun jan'czju dundaj-Wenhua run shili, Zhongguo de zhanliue xuanze. Zhenggong yanjiu dongdai*. - No. 2. - 2008. - pp. 12.
18. 陈嘉林(Chen Jialin). (2014) *Cong chuan mei «ying» shi li fa zhan jiao du kao cha Zhong guo ruan shi li fa zhan de jing yan yu qi shi*[Examining the experience and inspiration of China's soft power development from the perspective of the development of "hard" power in the media]. URL://<http://media.people.com.cn/n/2014/0324/c150617-24714503.html> (Accessed: 30.08.2021)
19. 王雪莹(Wang Xueying). (2020). *Tisheng zhong guo dui wai «wen hua hua yu» ruan shili, chuang jian duo yuan li tihua chuan bo geju*. [Enhance China's soft power of foreign "cultural discourse" and create a diversified three-dimensional communication pattern]. Available at: //https://theory.gmw.cn/2020-01/21/content_33501023.htm. (Accessed: 30.08.2021)
20. 李文刚(Li Wengang). (2015) *Zhongguo mei ti yuzhong guo zai-fei zhou de ruan shi li jian she* [Chinese Media and China's Soft Power Construction in Africa]. URL:// https://www.ydyln.com/skwx_ydy/iniDatabaseDetail?contentId=6722099&siteId=1&contentType=literature (Accessed: 30.08.2021).

Бауыржан Шериязданов

*ҚР ҒМ Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми
қызметкері, саяси ғылымдарының кандидаты
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: b.sher54@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАНДА ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫ ДАМУДЫҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына тарихи хронологиялық және салыстырмалы-құқықтық талдау жасалған. Ғылыми зерттеуде танымның жалпы ғылыми және арнайы әдістері қолданылған. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қалыптасуы мен дамуын кезең-кезеңге бөлініп жүйеленген. Әрбір кезеңнің ерекшеліктері талданған. Алынған нәтижелердің ішінде келесі мәселелерді көрсетуге болады: «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар; және жергілікті өзін-өзі басқаруда өкілетті органдардың маңыздылығы, депутаттардың ролі айқындалған.

Түйін сөздер: *Жергілікті өзін-өзі басқару, коммуналдық меншік, өкілді орган, азаматтық қоғам, Кеңестер, жергілікті мемлекеттік басқару, әкімдерді тікелей сайлау.*

Бауржан Шериязданов ИСТОРИЧЕСКИЕ ЭТАПЫ РАЗВИТИЯ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ

Аннотация. В статье дан исторический хронологический и сравнительно-правовой анализ развития местного самоуправления в Казахстане. В научном исследовании использовались общенаучные и специальные методы познания. Поэтапно систематизировано

формирование и развитие органов местного самоуправления в независимом Казахстане. Проанализированы особенности каждого этапа. Среди полученных результатов можно выделить следующие вопросы: даны рекомендации и предложения по внесению изменений в Конституционный закон «О выборах в Республике Казахстан» и представлена значимость представительных органов МСУ и депутатов маслихатов.

Ключевые слова: Местное самоуправление, коммунальная собственность, представительный орган, гражданское общество, советы, местное государственное управление, прямые выборы акимов.

Baurzhan Sheriyazdanov

HISTORICAL STAGES AND CURRENT TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF LOCAL SELF-GOVERNMENT IN KAZAKHSTAN

Abstract. The article provides a historical chronological and comparative-legal analysis of the development of local self-government in Kazakhstan. General scientific and special methods of cognition were used in the scientific study. Formation and development of local government bodies in independent Kazakhstan is systematized stage by stage. The features of each stage have been analyzed. Among the received results it is possible to designate the following questions: recommendations and offers on modification of the Constitutional law "About elections in the Republic of Kazakhstan" are given and importance of representations of Local government and deputies of maslikhats is presented.

Keywords: Local self-government, communal property, representation, civil society, councils, local public administration, direct elections of akims.

Key words: maslikhats, authorities, local self-government, concepts of development of the system of public administration, elections of akims.

Кіріспе

Қазақстан биыл өз Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өтуде. Осы жылдар ішінде еліміз демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекетке айналды. Қазақстан мемлекеттік құрылыс пен басқаруды дамытуда да белгілі бір жетістіктерге қол жеткізді. Ел Конституциясының қолданылу тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бұл мәселелер республика деңгейінде қалыптасқан саяси және

экономикалық ахуалға сәйкес шешілген. Алайда, жергілікті жерлерде мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруға қатысты жақсы нәтижелерге қол жеткізу алда тұрған маңызды міндет болып табылады. Халықтың азаматтық бастамасының нашар болуына, құқықтық және азаматтық мәдениет деңгейінің төмендігіне, мемлекеттік атқарушы органдардың осы мәселені дұрыс қабылдамауына байланысты 30 жыл ішінде жергілікті өзін-өзі басқару еліміздегі азаматтық қоғамның неғұрлым аз дамыған институттарының бірі болып қалуда. Жергілікті билікті ұйымдастыруда жергілікті өзін-өзі басқарудың (бұдан әрі – ЖӨБ) басты ерекше көрінетін нысаны – азаматтардың қатысуы. Негізгі мәселе азаматтық қоғам санасын кеңейтіп, азаматтардың басым бөлігін жергілікті жерлердегі проблемаларды шешу процесіне тура қатысуын көздейді

Әдістер мен материалдар

Мақалада ЖӨБ дамуына тарихи хронологиялық және салыстырмалы-құқықтық зерттеу әдістері қолданылған. Ғылыми зерттеуде танымның жалпы ғылыми және арнайы әдістері арқылы талданған. Қазақстан Республикасындағы ЖӨБ органдарының қалыптасуы мен дамуын кезең-кезеңге бөлініп жүйеленген.

Зерттеудің негізгі теориялық базасын Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – заң) құрады. Зерттеудің теориялық базасын қазақстандық авторлар С. Л. Мидельский мен Л.Т. Жанұзақова жұмыстары құрады олар мемлекеттік және ЖӨБ даму ерекшеліктерін зерттеді. Зерттеудің өзектілігі ең алдымен ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауларымен байланысты.

Талдау

Биліктің жергілікті органдары және ЖӨБ органдары туралы теориялық-әдістемелік негізгі ережелері 19 ғасырда қалыптасқан. Зерттеулерге қоғам мен мемлекеттің өзара қарым қатынастарының барлық кешені кіреді және саяси процестермен сипатталады. Дереккөздерді үш топқа бөлген орынды болады:

Бірінші топ – шетелдік теоретик – ғалымдар А. де Токвиль, Л.Штейн, Д.Мэтьюз және басқада ЖӨБ теориясының өкілдері. Қазіргі демократия теориясының негіздерін қалаған ғалымдар. Өз

туындыларында олар демократияның көпшілік билік ретіндегі мақсаты, халықтың әл-ауқаты деп санады. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары, аралық құрылымдар саяси білім берудің бастауыш мектебіне айналады, онда азаматтар басқару және тәуелсіз саяси ойлау дағдыларын игереді деп есептеген.

Екінші топ – ресейлік белгілі ғалымдар: В.В. Белоцерковский, А.П. Бутенко, Г.Д. Дыльнов. Авторлар негізінен марксизм-ленинизм мұрасындағы өзін-өзі басқарудың әртүрлі аспектілерін жандандыруға, оларға «жаңа тыныс» беруге және Кеңес қоғамын демократияландыру міндеттеріне бейімдеуге байланысты бірнеше арнайы ғылыми жұмыстар ұсынған.

Үшінші топ: отандық ғалымдар: А.Бижановтың, Б.Аяғанның Л.Байделдіновтың, Ж.Жүнісованың, С.Дьяченконың, Л.Иватованың, М.Машанның еңбектері қазақстандағы ЖӨБ жүйесін дамыту заңдылықтары мен қарама-қайшылықтарды ашуға көмектеседі. Жергілікті мемлекеттік басқару және ЖӨБ конституциялық құқықтық жүйесінің негіздеріне, егемендік алған жылдары институциоландыру проблемаларына С.Зимановтың, Л.Жанұзакованың, Ғ.Сапарғалиевтың, А.Котовтың, С.Қопобаевтың, В.Малиновскийдің, А.Тоқтыбековтың, С.Мидельскийдің және тағы басқалардың арнайы ғылыми жұмыстарын атап өтуге болады.

Зерттеу нәтижелері

Қазақстанда ЖӨБ тарихы көптеген ғасырлардан бастау алады. Оның негіздері рулық және тайпалық қауымдардың пайда болу дәуірінде, көшпелі өмір салты қалыптасқан кездеде жүргізілген. Ру старшиналары мен тайпа көсемдері құрылтайларда және көшпенділер жиындарында сайланған [1]. Хан сайлауының процедурасы жалпы ежелгі дәстүрлі көшпенді демократияның негізгі түріне жатады. Сайлаудың міндетті негізгі шарты сайлаудың ашықтығы мен айқындығы болған. Рас, үміткердің кандидатурасы сайлау рәсіміне дейін талқыланып, шешіліп отырған.

Белгілі тарихшы Б. Аяғанның «История Улуг Улуса – Золотой Орды» туындысына сүйенсек «...1206 жылы Ұлы Құрылтайды өткізу кезінде Темужинді сайлағанда Шыңғыс хан деп атады, оған «құпия аңыз» жасағы бойынша белгілі тұлғалардан басқа мынадай тайпалар қатысты: «Қоңырат тайпасынан үш мың, бес мың онкүт, Жалайыр Мұхали». Өзінің басқаруында Шыңғыс хан құрған билік құрылымы Ұлы Яса (жасак) мен Биликтің ережелерін басшылыққа

алды. Бұл өзіндік заңдар жинағында заң қаулылары мен моральдық нормалар кешені болды, және бұл заңдар жинағы 300 жылдан астам уақытқа дейін қолданыста болды, негізгі нормалары Ұлыс Ұлыс - Ноғай Ордасының, Өзбектер Ұлысының және Қазақ хандығының мұрагерлері басқарудың негізіне айналды. Қазақ хандығында «Жеті жарғы» жалпы дала құқығының негізгі нормалары ретінде XV-XIX ғасырлар аралығында қолданылған [1]. 1465 жылы Қазақ хандығы орнағаннан бастап дала демократиясының дәстүрлері одан әрі дамыды. Кейіннен Тәуке хан тұсында (1680-1718) олар биліктің барлық тармағының: атқарушы (Сұлтандар), өкілді (кеңес және халық жиналысы – құрылтай) және сот (би-судьялар) теңгеріміне қол жеткізуге бағытталған Тәуке ханның мемлекеттік реформаларының екпінді дамуында «Жеті Жарғы» («Жеті ереже») заңдар жинағында заңды түрде бекітілді. «Жеті Жарғы» түрлі қоғамдық және мемлекеттік институттар құзыретінің барлық салаларын нақты бөлді. Тәуке хан мұрагерлік ақсүйектерге қарсы Хан кеңесі мен билер кеңесін құрды, олар биліктің барлық толықтығын нақты «жекешелендіруге» тырысты. Жеті жарғы қазақ құқығының қоғамда қалыптасқан қатынастарды белгілейтін заңнамалық тарихы ретінде есте қалады. Қоғамдастық жиындарын өткізу мерзімі мен орнын регламенттеу, оның мәртебесін және рулық ерекшелік белгілерін, сондай-ақ рулық тайпалардың өкілдігін айқындау, қоғамның әр адамы хандықтың құрылымына кіретін әлеуметтік және құқықтық нормалар бекітілген Кодекс ретінде қабылданған [2].

1718 жылы Қазақ хандығы ыдырағаннан кейін және қазақтар тұратын аумақтардың Ресей империясының құрамына кіргеннен бастап патша әкімшілігі орталықтық мүддесінде аймақты тиімді басқару мақсатында «өкіметтің вертикалын» қазақ даласына таратуға тырысты, бұл үшін Орынбор және Омбы генерал-губернаторларының әскери-бюрократиялық аппараттары жұмыс істеді. 1785-1790 жылдары Кіші жүз жерлері Ресей империясының құрамына кіргеннен кейін тарихнамада «Игельстром реформалары» деп аталатын басқаруды қайта құру жүргізілді. Негізгі мақсат мемлекеттік әкімшілік мекемелердің қазақ даласына таралуына жол ашуы болды. Осы реформалардың нәтижесінде Орынбор шекаралық соты құрылды, олардың әрқайсысы 3 расправасы үш әкімшілік-аумақтық бірліктің бірін басқарды. Расправалар сайланған рулық старшиналар мен Орынбордан жіберілген шенеуніктерден тұрды. Кейінірек бас старшиналардың лауазымдары пайда болды, рулық

старшиналар басқару жүйесіндегі төменгі буын болып қалды [3]. 1867-1868 жылдардағы реформаның нәтижесінде Қазақстанда ауылдар, болыстар мен округтер Ресей империясының әкімшілік-аумақтық бірліктеріне айналды, онда «жергілікті әкімшілік» басқарушылық «вертикальға» қатаң біріктірілді. Алайда, сол кездің өзінде Қазақстан халқының тіршілігін қамтамасыз етудегі өзекті проблемалар ЖӨБ элементтерін округтік бұйрықтар мен облыстардың, ауыл старшиналарының, сондай-ақ шектеулі юрисдикциясы бар билер соттарының өкілдерінен сайлауды талап етті. Кейбір жергілікті мәселелерді шешу мақсатында ауылдық және болыстық жиындар өткізуге рұқсат берілген [3]. Жергілікті биліктің бақылауындағы және ашықтығының жеткіліксіздігін қазақ даласы халқы үшін тиімсіз және зиянды саясаттың себебін белгілі ғалым, этнограф Ш.Уәлиханов көрді. Ол даладағы сайлау тәжірибесін сыни тұрғыдан бағалады, жеке тәжірибе негізінде тиісті қорытынды жасайды. Халық арасында үлкен беделге ие бола отырып, ол Атбасар округінің аға сұлтаны лауазымына сайлауға қатысады және жеңіске жетеді. Алайда генерал-губернатор Ш.Уәлихановты аға сұлтан лауазымына бекітуден бас тартады [4, Т.4. 77 б.].

Осылайша, XVIII, XIX және XX ғасырдың басында, тіпті патшалық автократияның отарлық саясаты жағдайында да Қазақстанда Далалық, ұлттық демократия өмір сүріп, дамыды. ЖӨБ органдары соншалықты ықпалды болғандықтан, тіпті патша шенеуніктері де олардың басшыларымен – аға сұлтандармен есептесуге мәжбүр болды. Алайда, жергілікті халық арасындағы саяси күрестің өркениетті әдістерінің айқын жетіспеуіне қарамастан, дала өзін-өзі басқаруы кейіннен «Алаш-Орда» қозғалысың бағдарламалық құжаттарында өзінің жарқын көрінісін тапқан саяси мәдениеттің нақ демократиялық түрін қалыптастырды. «Алаш» қозғалысының көшбасшылары қазақ қоғамы үшін демократиялық ЖӨБ неғұрлым оңтайлы нысанын кеңестер емес, земство деп санады. «Алаш» қозғалысының басшылары сауаттылықты арттыру, ұлттық мектепті дамыту, заманауи тұрғыда жалпы және әсіресе саяси – құқықтық мәдениетті қалыптастыру сияқты нақты мақсаттар қойды; элита мен қалың бұқараны өкілді органдар, саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар, басқару және ЖӨБ органдары арқылы нақты саяси процеске қосу болды [5].

1917 жылғы большевиктік төңкеріс демократиялық дәстүрлердің дамуын тоқтатты. Кеңес өкіметі Қазақстанда әкімшілік-аумақтық қайта құруды жүргізе отырып, патша үкіметі сияқты мақсатты

көздеді – орталықтың міндеттері мен талаптарына сәйкес орталықтандырылған тиімді басқаруға көшті. 1920 ж. 26 тамызда автономиялық Қырғыз (Қазақ) социалистік Кеңес республикасының құрылуы оның территориясын алғаш рет заңнамалық түрде бекітіп, келешекте КСРО құрамындағы Одақтас республика үшін негіз жасады. 1936 жылы Қазақ КСР құрылуымен одақтық республиканың мәртебесі іс жүзінде қолданыстағы орталықтандырылған, командалық-әкімшілік басқаруды өзгерткен жоқ. Қазақ КСР-інің 1937 жылғы Конституциясында жергілікті басқару органдары туралы былай делінген: «облыстардағы, аудандардағы, қалалардағы, кенттердегі, селолар мен ауылдардағы мемлекеттік билік органдары халық депутаттарының Кеңестері болып табылады». 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясының 125-бабында «еңбекшілер депутаттарының тиісті кеңестері облыстарда, аудандарда, қалаларда, қалалық аудандарда, кенттерде, селоларда, ауылдарда мемлекеттік билік органдары болып табылады» деп айқындалған.

Қазақ КСР Конституциялары ЖӨБ болуына жол бермеді. Тіпті кеңестердің өздері де нақты өкілді билікке айналған жоқ. Алайда, ЖӨБ кішкентай өскіндерін мемлекет реттеуге тырысты. Жолдастық соттар туралы, аудандық, қалалық және облыстық Кеңестердің атқару комитеттері жанындағы бақылау комиссиялары, маскүнемдікке қарсы күрес жөніндегі, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялар туралы ережелер және т.б. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасы деңгейінде бекітілді.

1979 жылы «Қазақ КСР Халық депутаттарының кенттік, селолық, ауылдық кеңесі туралы» Заң қабылданды. Осы Заңның III тармағының V бөлімі: «халықтың ауыл, село, Халық депутаттарының ауылдық кеңесіне қатысуы. Азаматтардың жалпы жиналыстары, ауылдық жиындар» туралы ережелер бекітілген. Бұл бөлімде ауылдық жиындардың халықтың өзін-өзі салық салу мәселелерін талқылау және шешу құқығы бекітілді, елді мекен аумағындағы ауылдық кеңес атқару комитетінің жекелеген тапсырмаларын орындауды ауылдық қоғамдық Комитетке жүктеуге заң жүзінде жол берілді. Осылайша, ЖӨБ элементтері көбінесе халық депутаттары Кеңесінің бастамасы мен қолдауының арқасында пайда болды және дамыды.

1982 жылғы 29 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының «қоғамдық кенттік, ауылдық, селолық, учаскелік, көше, орам және үй комитеттері туралы ережені бекіту туралы»

Жарлығы қабылданды. 1986 ж. 20 ақпанда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Қазақ ССР-індегі жалпы жиналыстар, азаматтардың жиындары туралы ереже бекітілді. 1990 жылы сәуірде «КСРО-дағы жергілікті өзін-өзі басқару және жергілікті экономиканың жалпы принциптері туралы «КСРО заңы қабылданды. Бұл заң жергілікті билікті демократияландыру үшін негіз құрудың маңызды кезеңі болды. 1990 жылғы 15 желтоқсанда «Қазақ КСР-індегі меншік туралы» Заң қабылданды. Қабылданған заңға сәйкес меншік орталықтандырылмаған және меншіктің үш түрінде болуы мүмкіндігі: бүкілодақтық, республикалық және жергілікті (коммуналдық). 20-бапта коммуналдық меншік субъектісі ретінде әкімшілік-аумақтық атынан жергілікті кеңестер коммуналдық меншік мүлкін иеленуді, пайдалануды және оған билік етуді жүзеге асыруға құқығы берілді. 1991 жылғы 15 ақпанда «жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР Халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы» Қазақ КСР Заңы қабылданды. Онда Қазақстанда ЖӨБ дамыту үшін қажетті базаның сипаты нақты айтылған. Қабылданған Заңның 3-бабында өкілді органдардың үстемдігі бекітілді, ал жергілікті кеңестің төрағасы сонымен қатар атқарушы комитеттің төрағасы болды. Заңның 9-бабы әртүрлі деңгейдегі жергілікті кеңестер арасында туындайтын, олардың құзыреті және коммуналдық меншіктегі мүліктің тиесілігі мәселелері жөніндегі келіспеушіліктерді қарау мен шешудің, сондай-ақ олардың бюджеттері арасындағы кірістердің аражігін ажыратудың тәртібін белгіледі. Шын мәнінде, «жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР Халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы» заң Қазақстанда ЖӨБ құратын алғашқы тарихи ресми мемлекеттік акт болды. Алайда онда мемлекеттік құрылыстың кеңестік тәжірибесі көрініс тапты: жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару арасында шектік бөлініс болмады. 1991 жылдың басында Қазақстандағы ЖӨБ Тұжырымдамасы аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару органдарымен, қатар халықтың тікелей демократиясының нысандарымен (жергілікті референдумдар, жиналыстар, жиындар, азаматтардың конференциялары және т.б.) ұсынды.

Дін саласымен өзара іс-қимыл жасауға жауапты мемлекеттік органның тұрақты түрлендіруі жүргізіліп отырған саясаттың дәйектілігіне ықпал етпейді, демек, оның жүйелілігін қалыптастырмайды

және нәтижелілігін төмендетеді. Діни бірлестіктер мен мемлекеттік институттардың өзара іс-қимылы барынша рәсімделген, декларативтілікке (ресми түрде жариялауға) ұмтылған, аз анықталған. Мемлекет пен діндер арасындағы өзара қарым-қатынастарды құру стратегиясына мемлекет бастамашылық жасайды және оны діни бірлестіктер әрдайым қолдамайды (жүргізілген дайындық жұмыстарынан, сараптамалық талқылаулардан, қоғамдағы пікір-таластардан, ҚР Мәжілісіндегі таныстырылымнан кейін діни қызмет туралы заңнамаға өзгерістерді қабылдауды тоқтата тұру жағдайды айқындықпен айқындады).

Қазақстанда діндарлық түпкілікті нәтиженің белгісіздігінің жоғары дәрежесімен қалыптасады. Ислам дінтану үдерісінің құрылымында жетекші орын алады, бірақ ол өзінің егжей-тегжейлі ерекшелігінде зерттелмеген. Сондықтан Қазақстандағы исламның жіктелуін оның институттарының кейінгі жіктелу сипаттамасымен және діни менталитеттің қазіргі заманғы дүниетанымдық әр алуандығында ғана емес, сонымен қатар саяси ықпалдың өсуін ескере отырып, оның орнын ашумен кешенді зерттеу жүргізу қажет.

Қазақстандық қоғам дамуының қазіргі кезеңінің қажеттіліктері зайырлылықтың жаңғыртылған моделінде бейнеленуге тиіс, ол өз кезегінде діни өмір субъектілерінің бәтуаластығын табу және білдіру, ақаудың сызықтарын белгілеу үшін олардың мүдделерінің барлық әр алуандығын қамтуға тиіс. Тек осы алғышарттармен ғана ол зайырлы мемлекетті дамытудың мақсаттарына, құндылықтары мен мұраттарына сәйкес келеді, сенушілер мен сенбейтіндердің азаматтары мен мемлекеттің мүдделерін үйлестіруді қамтамасыз етеді. Мемлекеттің дін саласындағы саясатына қатысты базалық идеологемаларды қайта қарау талап етіледі, діни бірлестіктермен өзара қарым-қатынастардың құқықтық саласын мемлекеттік реттеуді жетілдіру қажет. Осы кезеңде дін саласындағы мемлекеттік ұстанымның идеологиялық ниеттерін елеулі түрде трлендіру және нақты жасалым арқылы зайырлылық тұжырымдамасын әзірлеу талап етіледі.

Менталитеттің бұзылуына байланысты тәуекелдерді мемлекеттік реттеу және алдын алу үшін, бәтуаластыққа қол жеткізу және сәйкес келмейтін дүниетанымдық ұстанымдарды үйлестіру үшін, қоғамның рухани-мәдени қауіпсіздігі тұжырымдамасын - жағдайды, тәуекелдерді, қауіптер мен мүмкіндіктерді талдаумен, іс жүзінде іске асырылуы және барлық өңірлердегі әртүрлі нысаналы топтардың мүдделерін ескеруі тиіс шараларды әзірлеуімен талап етіледі.

Дінтану үдерісін оның интегралдық сипаттамасын түсіну тұрғысынан зерттеу – мемлекеттің зайырлылық/діндарлық вектор-

ларындағы бағыттылықты, серпінін, даму трендтерін көрсетеді және адами капиталдың түрлендіру ерекшеліктерін көрсетеді. Өзгермелі және болжанбайтын діни ахуалға бақылау жасай отырып, діни және зайырлы дүниетаным үрдістерін зерделей отырып, конфессиялық және конфессиядан тыс дінділікті өлшей отырып, діни конверсия үрдістерімен және басқа да үдерістердің сипаттамаларымен ұзақ мерзімді пәнаралық зерттеулер тұрақты болуға тиіс.

Басқарушылық қызмет үдерісінде стратегиялық мақсаттар мен тактикалық міндеттердің өзара байланысын өлшеу, дүниетанымдық мәдениеттің қалыптасу, даму, жұмыс істеу үдерістерінің сабақтастық, ұзақтық, эволюция және сабақтастық қасиеттері бар екенін түсінуден бастау керек.

Діндендіру үдерісінің қазақстандық моделін қайта құру үшін әлеуметтік статистика немесе есепке алу құралдарымен қайта жаңартылмайтын, бірақ ғылыми зерттеулерде қайта жаңғыртылатын діни әр алуандылықты картографиялау қажет. Діндендірудің пәнаралық іргелі және қолданбалы зерттеулерді күшейту қажет.

Зерттеулерді қаржыландыру көзі

Зерттеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің қаржыландыруы аясында жүргізілді (№АР09259797 грант «Қазақстандағы діндендіру үдерістері: ерекшелігі, үрдістері, қоғамның тұрақтылығы мен тұрақты дамуына институционалдық әсер ету (пәнаралық талдау)»).

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Stark R. Secularization, R.I.P. Sociology of Religion // Ibid. – P. 251-253.
2. Узланер Д. Картография постсекулярного URL:// <http://www.strana-oz.ru/2013/1/kartografiya-postsekulyarnogo>, 2013-1.
3. Кырлежев А. Постсекулярное: краткая интерпретация // Логос № 3 (82) 2011. С. 100-106.
4. Белова Т.П. О парадоксах постсекулярного общества // Социология религии в обществе Позднего Модерна (памяти Ю.Ю.Синелиной): материалы Третьей Международной научной конференции, НИУ «БелГУ», Белгород, 2013. – 460с. – С.36-40.
5. Карпов В. Концептуальные основы теории десекуляризации // Государство, религия, Церковь в России и за рубежом. 2012. № 1 (30). С. 136.

6. Хабермас Ю. Постсекулярное общество - что это? Часть 1 // Российская философская газета. Апрель 2008. № 4 (18).
7. Casanova J. Rethinking Secularization: Global Comparative Perspective. *The Hedbehog Review*, vol.8, nos.1-2(Spring/Summer 2006). Pp.7-22.
8. Kuru, A., (2007). «Passive and Assertive Secularism. Historical Conditions, Ideological Struggles and State Policies towards Religion», *World Politics*, vol. 59, no. 4 (2007): 568-594.
9. Кырлежев А. Секуляризм и постсекуляризм в России и в мире // *Отечественные записки*. № 1 (52), 2013. URL://<http://www.strana-oz.ru/2013/1/sekulyarizm-i-postsekulyarizm-v-rossii-i-v-mire>
10. Хабермас Ю. Между натурализмом и религией. Философские статьи. – Пер. с нем. М.: Весь мир. – 2011. – 336 с. ISBN 078-5-7777-0386-6/
11. Белова Т.П. О парадоксах постсекулярного общества // *Социология религии в обществе Позднего Модерна (памяти Ю.Ю.Синелиной): мат. третьей межд. науч. конф.* – Белгород: НИУ «БелГУ», 2013. – 460с. – С.36-40.
12. Синелина Ю. Ю. Концепции секуляризации в социологической теории. – М.: ИСПИ РАН, 2009. – 120 с.
13. Talcott Parsons. *The Concept of Society: The Components and Their Interrelations*. In: T.Parsons. *Societies: Evolutionary and Comparative Perspectives*. Englewood Cliffs (NJ): Prentice-Hall, 1966, p.5-29.
14. Бергер П. Религия и проблема убедительности, перевод //Berger P. *The Social Reality of Religion*. London: Faber, 1967. P.127-154. //magazines.russ.ru/nz/2003/6/berger.html
15. Taylor Ch. *A Secular Age*. Harvard University Press, 2007. – 874 p.
16. Durkheim E. *Les formes e elementaries de la vie religieuse*. P.,1960. – 647 p.
17. Гирц К. Путь и случай: Жизнь в науке //<http://magazines.russ.ru/nlo/2004/70/gi3>
18. «Духовные аспекты формирования религиозной идентичности народа великой степи» в рамках реализации идеи концепта «Рухани жаңғыру» // Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2019. – 600 с.
19. Жусипбек Г. Светскость и религия: некоторые стереотипы 10.07.2015 // <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1436511180>
20. Байдаров Е. Исламизация государств Центральной Азии: философско-политологический анализ // 21 ВЕК. – 2013. – № 4. URL:// http://www.intelros.ru/pdf/21_vek/2013_4/6.yerkin_baydarov_21vek_04_2013.pdf
21. Knysh, A., Baitenova, N., Nurshanov, A., Pardabekov, D. The role of religious literacy in counteracting new islamist movements in Kazakhstan // *Central Asia and the Caucasus*. – 2019. – Vol. 20, Issue № 1. – P. 88-97.
22. Исмагамбетова З.Н., Карабаева А.Г. Роль образовательных стратегий в формировании толерантного мировоззрения и поведения // *Вестник КазНУ. Серия «Философия». Серия «Культурология». Серия «Политология»*. – 2014. – №2 (47). – С.12-22.

-
23. Молодежь и религия: дилемма выбора // <http://agkipr.kz/archives/158>
 24. Джуманова Г.Ж. Вопросы реабилитации и адаптации сторонников радикальных религиозных течений: казахстанский опыт // Опыт дерадикализации и ресоциализации приверженцев экстремистских и террористических идеологий: Сб. трудов межд. науч.-практ. конф. – Казань: Академия наук Республики Татарстан, 2018. – 368 с. – С. 150-158.
 25. Шаповал Ю.В. Влияние модернизационных процессов на трансформацию религиозных повседневных практик // Антропология нравственности: дискурсы и повседневные практики в современном Казахстане. Учебно-методическое пособие. – Астана, 2015 (в соавторстве с Медеуовой К., Толгамбаевой Д., Сандыбаевой У., Сурагановой З., Мельниковым Д., Камаровой Р.) – С. 15-23.
 26. Религиозные конверсии в постсекулярном обществе (опыт феноменологической реконструкции). Коллективная монография / Под общ.ред. А.Х. Бижанова – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2017. – 431 с.
 27. Косиченко А.Г. Светскость государства. Казахские реалии и мировой опыт. // *KazIslam*, 29/09/2014/
 28. Дунаев В.Ю. Идеино-мировоззренческие основы государственно-конфессиональных отношений // *Известия НАН РК* – 2013 - №6 – С.75 – 82.
 29. Шаповал Ю.В. Взаимодействие религиозных и либерально-демократических ценностей в современном мире. – Алматы: Искандер, 2009. – 388с.
 30. Рейтинг стран по уровню религиозности // [URL://https://nonews.co/directory/lists/countries/religiousness](https://nonews.co/directory/lists/countries/religiousness)
 31. Markus Dressler. Modes of Religionization: A Constructivist Approach to Secularity. Working Paper Series of the HCAS “Multiple Secularities – Beyond the West, Beyond Modernities” 7, Leipzig, February 2019. [URL://https://www.multiplesecularities.de/media/wps7_dressler_religionization.pdf](https://www.multiplesecularities.de/media/wps7_dressler_religionization.pdf).

REFERENCES:

1. Stark R. Secularization, R.I.P. *Sociology of Religion* // *Ibid.* – P. 251-253.
2. Uzlaner D. Kartografija postsekularnogo [Postsecular cartography] // <http://www.strana-oz.ru/2013/1/kartografiya-postsekularnogo>, 2013-1.
3. Kyrlezhev A. Postsekularnoe: kratkaja interpretacija [Postsecular: a concise interpretation] // *Logos* № 3 (82) 2011. S. 100-106.
4. Belova T.P. O paradoksah postsekularnogo obshhestva [On the paradoxes of post-secular society] // *Sociologija religii v obshhestve Pozdnego Moderna (pamjati Ju.Ju.Sinelinoj): materialy Tret'ej Mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii, NIU «BelGU», Belgorod*, 2013. – 460s. – S.36-40.
5. Karpov V. Konceptual'nye osnovy teorii desekularizacii [Conceptual foundations of the theory of desecularization] // *Gosudarstvo, religija, Cerkov' v Rossii i za rubezhom*. 2012. № 1 (30). S. 136.

6. Habermas Ju. Postsekuljarnoe obshhestvo - chto jeto? [Post-secular society – what is it?] Chast' 1 // Rossijskaja filosofskaja gazeta. Aprel' 2008. № 4 (18).
7. Casanova J. Rethinking Secularization: Global Comparative Perspective. The Hedbehog Review, vol.8, nos.1-2(Spring/Summer 2006). Pp.7-22.
8. Kuru, A., (2007). «Passive and Assertive Secularism. Historical Conditions, Ideological Struggles and State Policies towards Religion», World Politics, vol. 59, no. 4 (2007): 568-594.
9. Kyrlezhev A. Sekularizm i postsekularizm v Rossii i v mire [Secularism and Post-secularism in Russia and in the World] // Otechestvennye zapiski. № 1 (52), 2013. URL://http://www.strana-oz.ru/2013/1/sekulyarizm-i-postsekulyarizm-v-rossii-i-v-mire
10. Habermas Ju. Mezhdu naturalizmom i religiej. Filosofskie stat'i [Between naturalism and religion. Philosophical articles] – Per. s nem. M.: Ves' mir. – 2011. – 336 s. ISBN 078-5-7777-0386-6/
11. Belova T.P. O paradokсах postsekuljarnogo obshhestva [On the paradoxes of post-secular society] // Sociologija religii v obshhestve Pozdnego Moderna (pamjati Ju.Ju.Sinelinov): mat. tret'ej mezhd. nauch. konf. – Belgorod: NIU «BelGU», 2013. – 460s. – S.36-40.
12. Sinelina Ju. Ju. Konceptii sekularizacii v sociologicheskoj teorii [Secularization Concepts in Sociological Theory] – M.: ISPI RAN, 2009. – 120 s.
13. Talcott Parsons. The Concept of Society: The Components and Their Interrelations. In: T.Parsons. Societies: Evolutionary and Comparative Perspectives. Englewood Cliffs (NJ): Prentice-Hall, 1966, p.5-29.
14. Berger P. Religija i problema ubeditel'nosti, perevod [Religion and the of persuasiveness, Translation] // Berger P. The Social Reality of Religion. London: Faber, 1967. P.127-154. URL://http://www.magazines.russ.ru/nz/2003/6/berger.html
15. Taylor Ch. A Secular Age. Harvard University Press, 2007. – 874 p.
16. Durkheim E. Les formes e elementaries de la vie religieuse. P.,1960. – 647 p.
17. Girc K. Put' i sluchaj: Zhizn' v nauke [Path and Case: Life in Science] //http://magazines.russ.ru/nlo/2004/70/gi3
18. «Duhovnye aspekty formirovanija religioznoj identichnosti naroda velikoj stepi» v ramkah realizacii idei koncepta «Ruhani zhangiru» [“Spiritual aspects of the people of the Great Steppe” in the framework of the implementation of the idea of the concept “Rukhani zhangiru”] // Sb. materialov mezhd. nauch.-prakt. konf. – Almaty: IFPR KN MON RK, 2019. – 600 s.
19. Zhusipbek G. Svetskost' i religija: nekotorye stereotypy [Secularism and religion: some stereotypes] 10.07.2015 // http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1436511180
20. Bajdarov E. Islamizacija gosudarstv Central'noj Azii: filosofsko-politologicheskij analiz [Islamization of the Central Asian States: Philosophical and Political Analysis] // 21 VEK. – 2013. – № 4. // URL://http://www.intelros.ru/pdf/21_vek/2013_4/6.yerkin_bajdarov_21vek_04_2013.pdf

-
21. Knysh, A., Baitenova, N., Nurshanov, A., Pardabekov, D. The role of religious literacy in counteracting new islamist movements in Kazakhstan // *Central Asia and the Caucasus*. – 2019. – Vol. 20, Issue № 1. – P. 88-97.
22. Ismagambetova Z.N., Karabaeva A.G. Rol' obrazovatel'nyh strategij v formirovanii tolerantnogo mirovozzrenija i povedenija [The role of educational strategies in the formation of a tolerant worldview and behavior] // *Vestnik KazNU. Serija «Filosofija». Serija «Kul'turologija». Serija «Politologija»*. – 2014. – №2 (47). – S.12-22.
23. Molodezh' i religija: dilemma vybora [Youth and Religion: The Dilemma of Choice] URL://<http://agkipr.kz/archives/158>
24. Dzhumanova G.Zh. Voprosy rehabilitacii i adaptacii storonnikov radikal'nyh religioznych techenij: kazhastanskij opyt [Issues of rehabilitation and adaptation of supporters of radical religious movements: Kazakhstani experience] // *Opyt deradikalizacii i resocializacii priverzhencev jekstremistskikh i terroristicheskikh ideologij: Sb. trudov mezhd. nauch.-prakt. konf.* – Kazan': Akademiya nauk Respubliki Tatarstan, 2018. – 368 s. – S. 150-158.
25. Shapoval Ju.V. Vlijanie modernizacionnyh processov na transformaciju religioznyh povsednevnyh praktik [Influence of modernization processes on the transformation of religious everyday practices] // *Antropologija npravstvennosti: diskursy i povsednevnye praktiki v sovremennom Kazahstane. Uchebno-metodicheskoe posobie*. – Astana, 2015 (v soavtorstve s Medeuovoj K., Tolgambaevoj D., Sandybaevoj U., Suraganovoj Z., Mel'nikovym D., Kamarovoj R.) – S. 15-23.
26. Religioznye konversii v postsekuljarnom obshhestve (opyt fenomenologicheskoy rekonstrukcii) [Religious conversions in a post-secular society (the experience of phenomenological reconstruction)]. Kollektivnaja monografija / Pod obshh.red. A.H. Bizhanova – Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedenija KN MON RK, 2017. – 431 s.
27. Kosichenko A.G. Svetskost' gosudarstva. Kazhastanskije realii i mirovoj opyt [The secularity of the state. Kazakhstani realities and world experience]. // *KazIslam*, 29/09/2014/
28. Dunaev V.Ju. Idejno-mirovozzrencheskie osnovy gosudarstvenno-konfessional'nyh otnoshenij [Ideological and worldview foundations of state-confessional relations] // *Izvestija NAN RK* – 2013 - №6 – S.75 – 82.
29. Shapoval Ju.V. Vzaimodejstvie religioznyh i liberal'no-demokraticheskikh cennostej v sovremennom mire [The interaction of religious and liberal-democratic values in the modern world]. – Almaty: Iskander, 2009. – 388s.
30. Rejting stran po urovnju religioznosti [Ranking of countries by level of religiosity] URL:// <https://nonews.co/directory/lists/countries/religiousness>
31. Markus Dreßler. Modes of Religionization: A Constructivist Approach to Secularity. Working Paper Series of the HCAS "Multiple Secularities – Beyond the West, Beyond Modernities" 7, Leipzig, February 2019. URL://https://www.multiplesecularities.de/media/wps7_dressler_religionization.pdf.

Олжас Бейсенбаев¹, Срикант Кондапалли²

*¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті қытайтану кафедрасының PhD докторанты (Алматы, Қазақстан)
beisenbayev.olzhas@gmail.com*

²Дж.Неру университетінің қытайтану профессоры (Нью-Дели, Индия) srikanth@mail.jnu.ac.in

ҚХР СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНДАҒЫ «АДАМЗАТ ТАҒДЫРЫНЫҢ ОРТАҚ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ» КОНЦЕПЦИЯСЫ

Аңдатпа. «Адамзат тағдырының ортақ қауымдастығы» – Қытай дипломатиясындағы жаңа концепция болғанымен, соңғы бесжылдықта Қытай Компартиясы, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің баяндамаларында жиі қолданылады. Концепцияға қатысты отандық академиялық зерттеулердің жетіспеушілігін ескере отырып, оның мағынасы, себептері және салдарын қарастырудың өзектілігі артады. «Адамзат тағдыры қауымдастығының» түбегейлі мақсат-міндеті айқын болмағанымен, Қытайдың халықаралық қатынастар жүйесінде өзін жауапты мемлекет ретінде таныту, ХХІ ғасырдың екінші-үшінші онжылдықтарында «стратегиялық мүмкіндіктер кезеңін» қолдану, жаһандық басқару жүйесін реформалау ұзақмерзімді жоспарының бөлігі ретінде қаралады. Қытай ұсынған концепция бастапқыда халықаралық конфликтілердің эскалациясы, қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайында ұтымды және тартымды көрінгенімен, дамыған елдерді айтпағанда, дамушы әлемнің осы тұжырымдаманы қабылдауында қарама-қайшылықтар бар. Қытайтану және халықаралық қатынастар саласындағы зерттеушілердің материалдарына назар аудара отырып, Қытайдың сыртқы саяси парадигмасындағы «адамзат тағдырының қауымдастығы» идеясының басқа концепттермен байланысына, ҚХР сыртқы саясатының трансформациясы контекстінде кешенді қарастыру қажет.

Түйін сөздер: *«Адамзат тағдырының қауымдастығы», жаһандық басқару, «Белдеу мен жол» инициативасы, сыртқы саясат, Қазақстан-Қытай, Си Цзиньпин, БЖИ, ҚХР.*

Олжас Бейсенбаев, Срикант Кондапалли
КОНЦЕПЦИЯ «СООБЩЕСТВА ЕДИНОЙ СУДЬБЫ
ЧЕЛОВЕЧЕСТВА» В ТРАНСФОРМАЦИИ ВНЕШНЕЙ
ПОЛИТИКИ КНР

Аннотация. «Сообщество единой судьбы человечества» – новая концепция в китайской дипломатии, которая в последние пять лет все чаще используется в докладах Председателя Компартии Китая Си Цзиньпина. Учитывая малое количество отечественных академических исследований, касающихся темы концепции, возрастает актуальность рассмотрения ее смысла, причин и последствий. Хотя принципиальная цель и задача «сообщества судьбы человечества» не ясны, в системе международных отношений Китая она рассматривается как важная часть долгосрочного плана реформирования глобальной системы управления, становления Китая как ответственной державы и использования периода «стратегических возможностей» во втором и третьем десятилетиях XXI века. В условиях эскалации международных конфликтов, финансово-экономического кризиса предложенная концепция привлекла интерес международной аудитории, но существуют противоречия в ее восприятии среди развивающихся стран, не говоря уже об основных акторах мирового порядка. Обращая внимание на материалы исследователей в области китаеведения и международных отношений, необходимо комплексно рассмотреть связь «сообщества судьбы человечества» с другими концептами во внешнеполитической парадигме Китая, также в контексте трансформации внешней политики КНР.

Ключевые слова: «сообщество единой судьбы человечества», глобальное управление, инициатива «Пояс и путь», внешняя политика, Казахстан-Китай, Си Цзиньпин, ИПП, КНР.

Olzhas Beisenbayev, Srikanth Kondapalli
THE CONCEPT OF THE “COMMUNITY OF COMMON
DESTINY FOR MANKIND” AND THE TRANSFORMATION OF
CHINA’S FOREIGN POLICY

Abstract. The «community of common destiny for mankind» is a new concept in Chinese diplomacy, which has been increasingly used in the reports of the Chairman of the Communist Party of China Xi Jinping in the past five years. Given the small number of domestic academic studies dedi-

cated to this concept, the relevance of considering its meaning, motives and implications is increased. Although the fundamental goal and task of the «community of common destiny for mankind» is not clear, and in the system of China's international relations it is considered as an important part of the long-term plan for reforming the global governance system, establishing China as a responsible power and using the period of «strategic opportunities» in the second and third decades of the XXI century. During the escalation of international conflicts, and ongoing financial and economic crisis, the proposed concept has attracted the interest of an international audience, but there are contradictions in its perception among developing countries, also the world's leading actors. After examining the materials of researchers in the field of China studies and international relations, it is necessary to comprehensively consider the connection of the «community of common destiny for mankind» with other concepts under the foreign policy paradigm of China, also in the context of the transformation of China's foreign affairs.

Keywords: *«community of common destiny for mankind», global governance, the Belt and Road initiative, foreign policy, Kazakhstan-China, Xi Jinping, BRI, China.*

Кіріспе

XXI ғасырда Қытай Халық Республикасы үшін әлемдік тәртіп, жаһандық проблемаларды шешу жолдары, энергетикалық ресурстарға қол жеткізу аса маңызды. Соңғы онжылдықта жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс, саяси жүйедегі белгісіздік пен тұрақсыздық, халықаралық қатынастар «архитектурасының» өзгеруіне байланысты ҚХР дипломатиялық стратегиясын концептуалдық тұрғыда толықтырып келеді. Қытайдың әр кезеңдегі сыртқы саяси доктриналары оның ішкі мемлекеттік мобилизациясы, қауіпсіздік пен тұрақтылық, экономикалық глобализациясымен байланысып жатыр. Ұзақмерзімді стратегия және соған жеткізетін аралық концепция, доктрина, инициативалар шеңберінде Қытайдың аймақтағы ықпалы мен әлемдік амбициясының артып келе жатқаны сөзсіз. Қытай ұсынған ауқымды инфрақұрылым-инвестиция жобалары Шығыс Қытайдан Орталық, Оңтүстік, Оңтүстік Шығыс Азия, Африка, Латын Америкасына дейінгі аралықтағы дамушы мемлекеттерді өзіне тартуда. ҚХР-АҚШ сауда, технологиялық әрі идеологиялық текетіресі, Ресейге салынған санкциялар, Ауғанстаннан АҚШ әскерінің шығарылуы, жаһандық пандемия жағдайында саяси истеблишмент пен академиялық органның,

қоғамның назары Қытайдың мегажобаларына бұрылды. Кейбір мемлекеттер Қытаймен қарым-қатынас жүргізу бағыттарын қайта қарастыруда.

ҚХР өзінің ішкі және сыртқы саясатын белгілі тұжырымдама, доктринаға сәйкес белгілейді және ол сатылы түрде трансформацияланып келеді. Саясаттың ішкі-сыртқы контурын ұрандар, доктрина, бастамаларға сай анықтау мемлекеттік саяси дәстүрі және әлемді қабылдау философиясымен, сондай-ақ автократиялық биліктің ерекшелігімен байланысып жатыр. ҚХР құрылған уақыттан бергі «Үлкен секіріс»(大跃进 – da yue jin), «Мәдени революция»(文化大革命 – wenhua da geming), «Бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципі»(和平共处五项原则 – heping gongchu wuding yuanze), «Төрт модернизация»(四个现代化 – sige xiandaihua) мен «Үштік өкілдік»(三个代表 – san ge daibiao), «Реформа және ашықтық» саясаты(改革开放 – gaige kaifang), «Қытайлық ерекшелігі бар социализм»(中国特色社会主义 – zhongguo tese shehui zhuyi), «Қытай арманы»(中国梦 – zhongguo meng) соның бір дәлелі. Мұның барлығы Қытай коммунистік партиясының мемлекеттің әлауқатын арттыру, әлеуметтік-экономикалық жаңғырту мақсатында қабылдаған, жаппай насихаттаған табысты және табыссыз реформалары. XX ғасырдың соңына қарай көршілес алып держава – Совет үкіметі құлаған соң, ЖІӨ өсіп, әлеуметтік-экономикалық тұрғыда модернизацияланған Қытай батысындағы жаңа тәуелсіз мемлекеттер, жалпы әлем елдерімен дипломатиялық байланысын жүйелеу мақсатында жаңа сыртқы саясат концепцияларын қабылдай бастады. Қытайдың жаңа кезеңдегі сыртқы саяси курсына оның ежелгі принциптері, орталық – периферия, үлкен – кіші мемлекет аспектілері де ескерілгенін ұмытпау қажет. Бірақ бүгінгі Қытай «жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшелігі бар социализм», «халықаралық қатынастардың жаңа сипаты» сияқты ішкі-сыртқы саяси идеяларды ұсыну арқылы өзінің стратегиясын жаңа мазмұнмен толықтырып отырғанын жоққа шығара алмаймыз. Совет Одағынан бөлініп шыққан он бес мемлекеттің ішіндегі Қазақстан үшін де Қытайдың сыртқы саяси ұстанымдары өте өзекті болғаны анық. Ежелгі Жібек жолының бойында, геосаяси өзекті аймақта орналасқан, Совет үкіметінен ядролық арсенал «мұра» болып қалған, этникалық құрамындағы түркі-мұсылман сипаты басым Орталық Азияда тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы және олардың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданымен іргелес жатуы қай жағынан қараса да Қытай үшін, Қазақстан тарапына да стратегиялық тұрғыда маңызды болды. Қазіргі уақытта Қазақстан Қытайға көршілес, мәңгілік

стратегиялық жан-жақты әріптестік орнатқан мемлекет ретінде «Адамзат тағдырының ортақ қауымдастығы» концепциясының және оның практикалық механизмі «Белдеу мен жол» инициативасының маңызды транзиттік аймағында орналасқан. Сондықтан бұл тақырып қазақстандық қытайтанушылар үшін өзекті болып саналады. Мақалада ҚХР сыртқы саясатының трансформациясындағы, сондай жаһандық басқару контекстіндегі «Адамзат тағдырының ортақ қауымдастығы» концепциясы, оның кеңеюі және басқа идеялармен байланысы зерттеу нысаны болып алынған. Соңғы жылдары отандық сарапшылардан осы тақырыпты зерттеген Н.Алдабек [1], Н.Мұқаметханұлы [2], С.Кожирова [3], А.Нұридденова [4], Д.Жекенов, М.Макишева, С.Джакубаева [5]; ресейлік зерттеушілер: А.Тушков, Д.Фоменко [6], А. Семенов, А.Цвык [7]; Қытайдан Чжан Дэньхуа [8], Чэнь Чжаохэ [9], Чжао Сяочунь [10], Дин Цзюнь, Чэн Хунцзинь [11], Ван Цзяньвэй [12]; батыс эксперттері М.Суэйн [13], Н.Ролланд [14], Д.Тобин [15], Г.Штек [16] және т.б ғалымдардың еңбектері назарға алынды.

Зерттеу әдістемесі

Қырғи-қабақ соғыс аяқталғаннан кейін саяси және экономикалық баланстың бұзылуымен бірге жаһандық проблемалар шиеленісе бастады. Жаһандық басқару (global governance) халықаралық саяси экономикадағы өзекті зерттеу тақырыбына айналды. 1990 жылдардан бастап «басқару» термині батыс академиялық ортасында кең тарап, ғалымдары мен халықаралық ұйымдар жаһандық басқаруды өз пайымынша дамыту жолдарын қарастырды.

Бүгінгі жаһандық басқару бұрын-соңды болмаған деңгейде халықаралық және трансұлттық саясаттың барлық саласына ықпал етуде. Жаһандық басқаруды бұрын қарастырған теориялық парадигмалардың көпшілігі бұл процестің барлық тұстарын қамти алмады. Оның күрделілігін көрсету үшін әр парадигманың жеке элементтерін біріктіру қажет. Оны тұжырымдау реализмнің, институционализмнің, конструктивизмнің және плюрализмнің аспектілерін үйлестіруді талап етеді. Жаһандық басқару – динамикалық, жан-жақты, көпдеңгейлі және күрделі жаһандық жүйе. Ол бойынша идеалды және интерсубъективті жоспарда құрылған, жеке мүдделерден құралған көптеген мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілердің жаһандық тәртіпті ұжымдық басқару функциясын айтады.

1990 жылдары шыққан зерттеулердегі жаһандық басқару теориясына қатысты көзқарас балама теорияларға сәйкес келеді.

Мәселен, Джеймс Н. Розенау жаһандық басқарудың онтологиясын зерттеді; Роберт Латам Розенаудың сыни ойлау бағытын дамытты, ал Майкл Г. Шехтер жаһандық басқару комиссиясының 1995 жылғы есебін, Ронен Палан жаһандық басқаруды кім жүргізу керек екенін қарастырды. Тимоти Синклер жаһандық басқаруға күнделікті өмір деңгейінде назар аударды, ал Мартин Хьюсон әлемдік тәртіпті ақпараттандырудың ұзақмерзімді талдауын ұсынса, Ронни Д. Липшутц жаһандық азаматтық қоғамның мән-маңызын зерттеді [17, 101 б.]. М. Зюрн ұсынған жаһандық басқару қазіргі халықаралық жүйені бұрынғыдан сапалы түрде ажырататын саяси жүйе деген пікірді ұстанады. Ол жаһандық басқаруды «ұлттық шекара шеңберінде билік жүргізу, сондай-ақ ұлттық мемлекеттен тыс келісілген нормалар мен ережелер» деп анықтайды. Қазіргі заманғы жүйе жаһандық билік беделінің жоғары болуымен, сонымен қоса оған қарсылықтың артуымен ерекшеленеді деп мәлімдейді [18].

ҚКП ХІХ съезіндегі баяндамасында Си Цзинпин ҚХР жауапты держава ретінде жаһандық басқару жүйесін реформалауға және құруға белсенді қатысатынын айтты. Ол «адамзат тағдырының ортақ қауымдастығы» мен «Белдеу және жол» инициативасын іске асыру арқылы жаһандық басқаруға үлес қосу қажеттігін атап өтті. Сондықтан тақырыпты талдауда ҚХР сыртқы саяси трансформациясындағы «адамзат тағдырының» концепциясы жаһандық басқару контекстінде және жүйелі зерттеу, салыстыру және тарихи зерттеу әдістері қолданылды. Мақалада қытай тіліндегі түпнұсқа деректерге басымдық берілген.

Зерттеудің нәтижесі

«Адамзат тағдырының қауымдастығы» концепциясын түсіну үшін Қытайдың Конституциясы, ҚХР Төрағасы мен партия жетекшілерінің баяндамалары, түпнұсқадағы ресми құжаттарды қарастыру қажет. ҚХР-дың сыртқы саясаттағы бұлжымайтын принциптері оның Конституциясында көрсетілген. Ол – сыртқы саяси курстың дербестілігі, Қытайдың әлемдік үрдіспен байланысты болуы, бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципін ұстану, дипломатиялық қатынасты дамыту, экономикалық және мәдени байланысқа басымдық беру, империализм, гегемонизм мен колониализмді мойындамау және т.б. [19]. Міне осы принциптерді басшылыққа ала отырып, әлемдегі және ішкі ахуалға қарай Қытай компартиясы елдің сыртқы саясатын, дипломатиялық практикасын жетілдіріп отырды. 2018 жылғы ҚХР Конституциясына енгізілген толықтырулар мен өзгертулер оның жана дәуірдегі жаһандық басқару ұмтылысын айқындап берді. ҚХР

реформаторы Дэн Сяопин уақытында «өз мүмкіндіктерін жасыру, орайлы сәтті күту» (韬光养晦 有所作为 – tao guang yang hui, you suo zuo wei) принципіне сүйеніп, сыртқы саясатта өзіне инициатива алмайтын, көп жағдайда бақылаушы позициясында болды. Бірақ көп зерттеуде жазылып жүргендей, бұл мемлекеттің толықтай жабық және жасырын болғанын білдермейді. «Қытайлық ерекшелігі бар социализм» принципін дайындап, күрделі экономикалық реформа арқылы Қытайды жаһандық экономикаға интеграциялау Дэн Сяопин кезінде іске асырылды. Алғашқыда Қытай Халық Республикасы ішкі әлеуметтік-экономикалық модернизацияға көңіл бөліп, сыртқы әлемнен реформаның жолдарын үйренуге, қос держава – АҚШ пен КСРО арасында баланс сақтауға тырысты. Алайда, 1989-1999 жылдары ҚХР ішкі жағдайы мен әлемдік тәртіптің өзгере бастауына орай, бұл Қытайдың аймақтағы және жаһандағы белсенділігін шектейтінін түсінген ҚХР төрағасы Цзян Цзэмин жаңа концепцияларды қабылдады. Осы аралықтағы «Кешенді ұлттық қуат» (综合国 - zonghe guoli) концепциясының мақсаты – мемлекеттің қуатын тек әскери фактор арқылы емес, кешенді түрде, яғни экономикалық, ғылыми-техникалық даму арқылы нығайту, Қытайды әлемдік қауымдастықтың беделді мүшесі ретінде орнату болды [20, 11 б.]. Ішкі әлеуметтік-экономикалық модернизациясын нығайтып алған Қытай осы кезеңде сыртқы аренаға шығуды көздейді. Қайта құру кезеңіне дейін мемлекет экономикасы салыстырмалы түрде тұйық күйде болды, сондықтан импорт және экспорт деңгейі әлі де төмен еді. Осы аралықта мемлекеттің экономикалық потенциалын арттыру үшін «Реформа және ашықтық» саясатының жалғасы ретінде сауда-инвестиция саласын, экономикалық интеграциясын нығайтуға бағытталған «Сыртқа шығу» (走出去 – zou chu qu) стратегиясы қабылданды. «Сыртқа шығу» саясатын жүргізгелі сауда-экономикалық салаға қатысты негізгі идеялар мен саясат реттеліп, жетілдіріліп отырды. Бұл концепция Қытайдың сауда-экономикалық дамуындағы тарихи кезең – ДСҰ кіруімен жалғасын тапты және соңғы отызжылдықта бұрын-соңды болмаған қаржы-экономикалық дамудың драйвері болды. Жаңа ғасырдың басына қарай ҚХР-дың ЖІӨ мен сауда-саттық көлемі, өндірістік қуаты бірнеше есе артты. Бүгінгі «Белдеу мен жол» инициативасы аясындағы шет елдік жобаларға қатысып жатқан қытайлық кәсіпорындар «Сыртқа шығу» компаниясы арқылы жүргені айтылады [21].

Жаңа ғасырдың басында Қытай өзін тек аймақтық держава емес, жаһандық тәртіпке ықпалы бар мемлекет ретінде көре бастады. Қытай әлемде болып жатқан саяси оқиғаларға нейтралды көзқарас

ұстанатын бақылаушы статусынан халықаралық қатынастар жүйесіне белсенді қатысушы мемлекетке айналды. Өйткені осы кезеңде Қытай бірқатар шекаралық мәселесін шешіп, Сянган мен Аомынді өзіне қайтарып, Қытай қауіпсіздігі үшін маңызды халықаралық ұйымдарды (ШЫҰ, АӨСШК) құрушы мен қолдаушылардың бірі болды. ҚХР Төрағасы мен Қытай коммунистік партиясының идеологтары әлемдік державалармен бәсекелестікті білдіретін халықаралық қатынастың көпполярлы жүйесі туралы айта бастады [22]. Яғни, АҚШ пен КСРО үкіметі жетекші болған биполярлы әлемдік жүйенің уақыты өтіп, ықпал аймағын бөлісетін бірнеше орталықтары бар көпполлюсті жаһандық тәртіп насихатталды. Сол уақытта қабылданған тағы бір маңызды тұжырымдама - «Қытай халқының ұлы өрлеуі» (中华民族伟大复兴 – zhonghua minzu weida fuxing). Коммунистік партияның XVI съезінде жарияланған бұл концепция модернизацияны алға жылжыту, Отанның бірігуін аяқтау және әлемдегі бейбітшілікті қорғау, бейбіт қатар даму сынды міндеттерді алға қойды. Қытай коммунистік партиясы ұлы өрлеудің мақсаттарын қытайлық ерекшелігі бар социализм жолынан көрді [23].

Қытайдың жариялаған сыртқы саясат концепцияларын әлемдік қауымдастық әрқалай қабылдайды. ҚХР-дың сауда-экономикалық белсенділігі артып, кешенді ұлттық қуаты күшейіп, халқының өрлеу қарқынынан ірі державалар мен аймақтағы дамушы мемлекеттер сескене бастайды. Сыртқы қолайлы жағдай Қытайдың ішкі тұрақтылығы үшін де маңызды болғандықтан, ҚХР тарапы «Бейбіт өрлеу» (和平崛起 – heping jueqi) концепциясын ұсынды. Осылай ҚХР өзінің жетекші мемлекет болу жолында күш қолданбайтынын білдірді [24]. Бірақ әлемдік қауымдастық әскері модернизацияланған, сауда-экономикалық ықпалы артушы мемлекеттің «бейбіт өрлеуіне» күмән келтіріп, аталған бастама жиі сынға алынды. Жалпы алыс-жақын мемлекеттердің Қытайды қабылдауында күрделі және ұзаққа созылатын қарама-қайшылықтар бар. Сондықтан ҚХР төрағасы Ху Цзинтао сыртқы саясатта гуманистік құндылықтарға жүгіне отырып, «үйлесімді әлем» (和谐世界 – hexie shijie) тұжырымдамасын жариялады. «Үйлесімді әлемге» сәйкес Қытай АҚШ, Ресей, Жапония, көршілес елдер, дамушы мемлекеттермен байланысын үйлесімді жағдайда дамытатынын білдірді. Яғни, ҚХР өзін әлемдік державалармен тең дәрежеде және теңгерімді байланыс ұстауға қауқарлы мемлекет қылып көрсеткісі келді. ҚХР-дың сыртқы саяси-мәдени ықпалын арттыру, оның тартымды имиджін орнату үшін «үйлесімді әлемнің» заңды жалғасы ретінде шыққан «жұмсақ күш» (软实力 – guan shili) идеясы халықаралық алаңда қызу талқылады [25, 27716.]. Қытайдың

энергетикалық-экономикалық белсенділігі, инфрақұрылымдық-инновациялық жобалары, халықтың миграциясын шет елдің қоғамы қабылдау үшін мәдени ықпалдастық қажет болды. Сондықтан көптеген дамушы мемлекеттерде ашқан Конфуций орталықтары мен қытай тілі кабинеттері, мәдени фестивальдер мен апталықтар, оқу гранттары «жұмсақ күштің» құралы ретінде танылды. Бірақ ҚХР Төрағалығына Си Цзиньпиннің келуімен Қытай өзінің стратегиялық қызығушылықтарын белсенді қорғап, жаһандық проблемаларға жауапкершілікпен үн қата бастады. «Бесінші буын» басшыларының жетекшілігімен ҚХР сыртқы саясаты мүлде жаңа сипат алды. Батыс эксперттері Қытайдың жаңа үлгідегі дипломатиясы туралы «wolf and warrior diplomacy» деген түсінікті айналымға енгізіп жіберді. Си Цзиньпин «Қытай арманын» (中国梦 – zhongguo meng) орындау мақсатын жариялап, оған жеткізетін бірқатар ішкі және сыртқы даму концепцияларын қабылдады. ҚКП Төрағасы Си Цзиньпиннің сөздерінде ол «中华民族伟大复兴的中国梦» (Қытай халқының ұлы өрлеуінің қытайлық арманы) деп те жарияланды. «Қытай арманы» туралы алғашқы баяндамасында Си Цзиньпин сыртқы саясатта Қытай бейбіт даму жолын жалғастырып, ашықтық, достық стратегиясын, сонымен қоса халықаралық жауапкершілік пен міндеттемелерді орындайтынын айтты [26]. Аталған «Қытай арманынан» тарайтын «Жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшелігі бар социализм» (新时代中国特色社会主义思想 – xin shidai zhongguo tese shehui zhuyi sixiang), «Жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшелігі бар үлкен мемлекеттің дипломатиясы» (新时代中国特色社会主义思想 – xin shidai zhongguo tese daguo waijiao), «халықаралық қатынастардың жаңа сипаты» (新型国际关系 – xinxing guoji guanxi) ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин қолға алған және белсенді іске асырып жатқан концепциялар. Соның ішінде «Адамзат тағдырының ортақ қауымдастығы» (人类命运共同体 – renlei mingyun gongtongti) концепциясы Си Цзиньпин ҚХР Төрағалығына келген уақытта сыртқы саясатта басымдыққа ие болды. Ху Цзинтао алғаш рет 2007 жылы баяндамасында «ортақ тағдыр» туралы сөз қозғағанда Тайван мен құрлықтағы Қытайдың қатынасына тоқталды. Ол уақытта «ортақ тағдыр» ұғымы ҚХР ішкі тұтастығы мен тұрақтылығын нығайтуға бағытталған еді. «Адамзат тағдырының қауымдастығы» Ху Цзиньтао қабылдаған «үйлесімді әлемнің» жалғасы әрі толықтырылуы болса, екінші жағынан Қытайдың аймақтық қана емес, әлемдік держава ретіндегі жауапкершілігі мен белсенділігін растайды.

Біздің зерттеуімізше, он жылға жуық уақытта бұл концепция идеядан нақты іс-қимыл жүйесіне дейінгі трансформациядан өтті.

«Адамзат тағдырының қауымдастығы» Қытайдың сыртқы саяси парадигмасында орны бар, талқылаудан және сынақтан өткізілген концепция. «Адамзаттың ортақ тағдыры» концепциясының алдыңғы идеялардан басты ерекшелігі – БҰҰ тұрақты даму мақсаттарымен үйлескен, Қытайдың проактивті іс-қимылын идеялық тұрғыда қамтамасыз ететін әлдеқайда ауқымды және әмбебап концепция. 2011-2013 жылдары бұл идея ретінде ішкі Қытайға таныстырылып, бағыт-бағдары қалыптасса, 2014-2016 жылдары БҰҰ алаңында және әлемдік аудиторияға жарияланды, ал 2017 жылы Коммунистік партияның жарғысы, кейін ҚХР Конституциясына енген соң, Қытайдың жаһандық басқаруға ұсынған ауқымды концепциясына айналды. Ал 2020 жылғы COVID-19 пандемиясының таралуы кезеңінде шыққан «адамзаттың ортақ денсаулығының қауымдастығы» (人类健康共同体 – renlei jiankang gongtongti) [27], «Денсаулықтың Жібек жолы» (健康丝绸之路 – jiankang sichou zhilu), Қытай концепциясының жаңа жағдайға бейімделуі мен икемділігі оның келесі даму сатысына өткенін көрсетеді.

ҚХР концепцияда көрсетілген «өзара пайда табу», «бірлесіп жеңіске жету» ұсынысы арқылы қауіпсіз, жасыл және инновацияға сүйенетін мемлекет ретінде имидж орнатқысы келеді. Бірақ Қытайдың ішкі жүйесінде түсінікті идеялары мен доктриналары сыртқы контурда әрқилы қабылданады. «Бейбіт дамуды» ұсына отырып, «Қытай қаупін» сейілтуге тырысқаны сияқты, «адамзат тағдырының қауымдастығы» да Қытайдың бейбіт өрлеуіне сыртқы стратегиялық күдіктерді жою және Қытайдың экономикалық ықпалын кеңейтуге қолайлы органы дайындайды. 2017 жылы 14-15 мамырда Бейжіңде өткен «Белдеу мен жол» форумында Си Цзиньпин «адамзат тағдырының ортақ қауымдастығына» қарай жылжу – «Белдеу мен жолдың» басты мақсаты екенін айтқан еді. Ал «Бір белдеу, бір жол» инициативасы Батыс, Жапония, Индия, Аустралия ғалымдарының зерттеулерінде «қарыздың қақпаны», «геостратегиялық жоба», «Қытайдың экономикалық экспансиясы» ретінде қаралады. «Белдеу мен жол» инициативасы әлемнің көптеген елдерінің сауда-экономикалық, инфрақұрылымдық интеграциясына мүмкіндік бергенімен, дәстүрлі мәдениеті мен қазіргі саяси курсы, экономикалық даму деңгейі әртүрлі мемлекеттердің қабылдауында проблемалардың бар екенін көрсетті.

Нәтижелерді талқылау

Қытай, Батыс және Ресей ғылыми орталарындағы «адамзат тағдырының қауымдастығы» идеясының мән-мағынасы жөніндегі

пікірталас жалғасып жатыр. Кейбір ғалымдар өз еңбектерінде концепцияның негізін қытайдың ежелгі өркениеті мен дәстүрлі мәдениетінен, басқалары коммунистік теориядан, қытайлық ерекшелігі бар социализмнен, сондай-ақ БҰҰ тұрақты даму мақсатымен үйлесетін жаһандық басқару мақсатынан көреді. Ресейлік және батыс, қытай ғалымдарының бұл идеяның пайда болуы, сондай-ақ оны жүзеге асырудың мақсаты мен міндеті туралы консенсус жоқ. Отандық зерттеушілердің жұмыстарында ең алдымен осы концепцияның атауы мен мағынасы әртүрлі нұсқада ұсынылады. Мәселен, А.Нуридденованың мақаласында [4, 54 б.] ол «Тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» деп берілсе, Д.Жекеновтың мақаласы «Адамзаттың ортақ тағдыры» бастамасы» деп берілген [5, 13 б.]. Зерттеу жұмыстары бірізді және отандық шығыстануда ғылыми айналымға енуі үшін түпнұсқадағы 人类命运共同体 (renlei mingyun gongtongti), ағылшынша «community of common destiny for mankind», орысша «сообщество единой судьбы человечества» концепциясын қазақша «Адамзат тағдырының ортақ қауымдастығы» деп қарастыруды ұсынамыз. «Адамзат тағдырының ортақ қауымдастығы» ресми қытай деректерінде, ҚХР партия басшыларының баяндамасында 理念 (linian) яғни, концепция немесе тұжырымдама деп көрсетіледі. Ал бастама немесе инициатива 倡议 (changyi) «Белдеу мен жол» инициативасының мақсат-міндеті мен іске асырылу сипатын анықтап тұр.

Зерттеуші А.Нуридденова тақырыпқа қатысты материалдарды зерттей келе «адамзаттың ортақ тағдыры» концепциясы нақты іс-қимыл жоспары, принциптері мен нормасы жоқ концепция деген қорытындыға келген. Сонымен қоса авторлардың арасында бұл концепция «Белдеу мен жол» инициативасының идеялық және теориялық аспектілерін қамтитынын айтады. Сонымен қоса концепция Қытайдың сыртқы саяси белсенділігі әлдеқайда артып, жаһандық басқару мәселелеріне араласатынын, шет елде Қытайдың оң имиджін орнатуға деген талпынысы мен халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуынан аңғарылады [4, 55 б.]. Д.Жекенов, С.Джакубаева және М.Макишева бірлескен зерттеуі Си Цзинпиннің алғашқы 5 жылдағы билігінде жаңартылған және тұтас сыртқы саясат концепциясының орнағаны туралы сұрақтың басы ашық деп санайды. Сонымен қатар зерттеушілер қазіргі Қытайдың сыртқы саясаты туралы бірыңғай түсінік қалыптаспағанын жазады. Авторлар «қауымдастық ұғымының» теориялық қырларына тоқтала келіп, аталған концепцияны қарастыру арқылы «күштер балансы» теориясының өзектілігін жоймағанын айтады. Тағы бір зерттеуінде

Д.Жекенов Қытайдың қазіргі концепциялары мен инициативасын жаһандандудың «қытайлық үлгісі» деп қарастырады [5, 18 б.].

Сюй мен Гоның бірлескен зерттеуінше, Қытай тарапы тұжырымдаманың мағынасы, мақсатты елдері және нақты іс-қимыл жоспары туралы анықтама берген жоқ және оны ұран ретінде еркін қолданады. Сондықтан өзге мемлекеттердің бұл тұжырымдаманың өз ұлттық мүдделеріне ықпалын бағалау қиынға соғып отыр. Тіпті кейбір қытай ғалымдары концепцияның мақсат-міндеті бұлыңғыр болғандықтан басқа елдердің алаңдаушылығын тудырып отыр дейді. Олардың пікірінше, Қытайға көрші және басқа мемлекеттер бұл концепцияны қабылдас бұрын олардың Қытайға деген ұзақ уақытқа созылған сенімсіздігі, күрделі тарихи, этникалық және мәдени мәселелері шешімін табуы қажет [28, 12 б.].

Чжан Дэнхуа пікірінше, «адамзат тағдыры қауымдастығы» жаңа және жеткілікті зерттелмеген, сондай-ақ мағынасы анық емес тұжырымдама делінеді. Оның ойынша Қытай бұл концепцияны Оңтүстік Қытай теңізіндегі шекаралық шиеленісті жеңілдету үшін, сонымен қоса 21 ғасырдың алғашқы екі-үш онжылдығында Қытай экономикасының дамуына қолайлы сыртқы жағдай жасау осы дипломатиялық стратегияны іске асырады [8, 198 б.]. Ван Цзяньвэй бұл концепцияны Қытайдың жауапты мемлекет сатысына көтеру және жаһандық басқару арқылы әлемге Қытайдың өрлеуін қабылдатуға пайдаланады деп санайды. Партияның XIX съезіндегі баяндамасында айтылғандай, Қытай өзінің тұжырымдамасы арқылы әлемдік тәртіптің жаңа үлгісін ғана емес, сонымен бірге экономикалық және саяси дамудың балама жолын ұсына алады деп санайды [12].

Ресей ғалымдары А.Цвык пен А.Семенов «адамзат тағдыры» идеясының түп негізін ежелгі Қытайдың «天下为公» (tianxia datong – Аспан асты бәріне ортақ), «世界大同» (shijie datong – Әлемнің ұлы бірігуі) философиясынан қарастырады [7, 74 б.]. А.Тушков пен Д.Фоменко да бұл концепцияның тарихи тамыры терең екенін айтып, б.з.д V ғасырдағы 阴阳的对立与统 (yinyang de duili yutong) - «ин мен янның» қайшылығы мен бірлігі, жоғарыда айтылған «Аспан астындағы әлемнің бірлігі» идеяларымен үйлесіп жатқанын назарға алады [6, 123 б.]. Н.Ролланд «Си Цзиньпин Қытайдың жетекшілігімен жаңа әлемдік тәртіпке деген көзқарасын 21 ғасырдағы 天下 (tianxia) моделі ретінде орнатуға тырысады. «Адамзат тағдырының» қауымдастығы «Аспан астындағы» халықтың барлығына таралатын, бірақ Қытайға бағынатын тәртіпті орнатады деп санайды [14]. Л.Тобин Қытайдың сыртқы саясаттағы принциптерін республиканың

алғашқы жылдарындағы іргелі ұстанымдармен байланыстырады. 1954 жылы ҚХР Премьері Чжоу Энлай Үндістан басшылығымен кездесуде «бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидатын» ұсынды. Ол – аумақтық тұтастық пен егемендікті өзара құрметтеу, өзара агрессияға жол бермеу, ішкі істерге араласпау, теңдік пен ынтымақтастық, сондай-ақ бейбіт қатар өмір сүру. Кейінгі Қытай басшылары, соның ішінде Си Цзиньпин оны Қытайдың сыртқы саясатының негізгі қағидаттары ретінде бекітті [29]. Алайда, Си Цзиньпиннің жаһандық басқаруды өзгерту (全球治理变革 – quanqiu zhili biange) көзқарасы бұрынғы Қытай басшыларынан амбициясы жоғары болып шықты.

Қытайдың жаңа доктриналары мен бастамалары негізінде жатқан стратегиясын қабылдауда әлі де алшақтық бар. Мысалы, Си Цзиньпин шетелдік аудиторияға «Белдеу мен жол» инициативасы инфрақұрылымды дамытуды көздейтін таза экономикалық ынтымақтастық моделі екенін бірнеше рет айтқан. Сол сияқты «адамзат тағдырының қауымдастығы» ортақ таза, гүлденген, инклюзивті, өзара құрмет пен тең дәрежелі келіссөз қатынасын көздейтінін алға тартады. Сол үшін стратегия, жоспар, бағдарлама емес, инициатива және концепция деп берілген. Қытай жаһандық басқаруды реформалау тек өзіне ғана емес, сонымен бірге әлемге қажет екенін, Қытайдың оған қауіп төндірмейтінін, халықаралық ынтымақтастық пен дамуға кең мүмкіндік ашатынын дәлелдеуге тырысады.

Зерттеушінің айтуынша «бейбіт даму» және «адамзат тағдырының» арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Ху Цзиньтао «бейбіт дамуды» ұсынған уақытта Қытай «көлеңкеде» болса, Си Цзиньпин мәлімдегендей «адамзат тағдырының қауымдастығын» құруда Қытай үйлестіруші және жетекші рөл атқарады [30, 46 б.]. Бұл «ұстамды» дипломатиядан бас тартып, Қытайдың жаһандық басқаруда белсенді рөл ойнау ұмтылысын көрсетеді. «Адамзат тағдыры» Си Цзиньпин енгізген саяси жаңа терминдердің бірі ғана және оның сыртқы саясаттағы ашық белсенділігін көрсетеді [31, 85 б.].

А.Годболе Қытайдың «адамзат тағдыры» концепциясы оның сыртқы саясатының екі негізгі ерекшелігін ашады дейді. Біріншісі – Қытай дипломатиясының көпқырлығы. Қытай ортақ мүдделерді алға жылжыту үшін елдерді ынтымақтастыққа шақырып отырса, кейбір жағдайда ол сыртқы саясатта белсенді және табанды әрекет етеді. Екіншісі – Қытай дипломатиясындағы осы екі үрдіс қарама-қайшы болып көрінгенімен, Қытайдың негізгі мүддеге және оған қатыссыз мәселелерді шешудегі әркілы стратегиясын көрсетеді [32, 300 б.].

Зерттеу нәтижесінде «Адамзат тағдырының ортақ қауымдастығы» өңірлік және жаһандық дискурста үлкен орын алған «Белдеу мен

